

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# ҚАЗАҚСТАН БОЛЬШЕВИГІ

ҚАЗАҚСТАН БОЛЬШЕВИГІ

№ 2

ФЕВРАЛЬ

1947

---

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ



## СССР Одағы Қарулы күштері Министрінің БҰЙРЫҒЫ

1947 жылғы 23 февраль № 10

Москва қаласы

Солдат, матрос, сержант және старшина жолдастар! Офицер, генерал және адмирал жолдастар!

Бүгін еліміз Совет Армиясының өмір сүруінің 29 жылдығын мерекелейді.

Ұлы Ленин құрған Совет Армиясы даңқты жол өтті. Оның бүкіл тарихы — қаһармандықтың, отанына шың беріліп қызмет етудің және өзінің жауынгерлік борышын ерлікпен орындаудың айқын үлгісі. Мұның өзі Совет Армиясының Ұлы Отан соғысындағы асқан жеңісінде өте-өте айқын көрінді. Отанымыз өзінің армиясының қаһармандық істерін ешуақытта ұмытпайды.


Совет Армиясы өзінің 29 жылдығын бүкіл халқымыз соғыстың зардабын жою, халық шаруашылығын қалпына келтіру және онан әрі өркендету міндетін жүзеге асыра отырып, қажырлылықпен еңбек етіп жатқан жағдайда қарсы алады.

Еліміздің жұмысшылары, шаруалары мен интеллигенциясы жаңа бесжылдықтың бірінші жылының жоспарын ойдағыдай орындап, халық шаруашылығының барлық салаларында құрылыс және өндіру қарқыны күшейте беру үшін, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендете беру үшін, көпшілік қолды товарларды көп шығару үшін, совет ғылымы мен техникасын тез өркендету үшін жанқиярлықпен күресуде.

Одақтас республикалардың Жоғарғы Советтерінің өткен сайлауында коммунистер мен партияда жоқтар одағы толық жеңіске жетті. Мұның өзі совет қоғамының бірлігі мызғымас берік екенін, барлық совет адамдары өзінің үкметі, коммунист партиясы төңірегіне берік топталғанын және өз отанын онан әрі гүлдендіруге берік бел байлағандығын көрсетеді.

Совет армиясы да бейбітшілік уақыт жағдайында соғыс өнерін үйрену ісінде өзінің алдына қойылған міндеттерді орындай отырып, онан әрі алға басуға, жауынгерлік және саяси даярлықта жаңа, онан сайын зор табыстарға жетуге міндетті. Бейбітшілікті баянды ету ісі, Отанымыздың хауіпсіздігін қамтамасыз ету ісі біздерден осыны талап етеді.

Соғыста не керек болса, әскерге соны үйрету совет қарулы күштерінің жауынгерлік даярлығының әрқандай басшылық принципі болып





келді және қазірде де басшылық принципі болып қалады. Қазіргі заман соғысы әскердің асқан жауынгерлік және моральдық қасиеттері болуын, соғыс және саяси даярлығы жақсы болуын, соғыс техникасын шеберлікпен меңгеруін, күшті сеніммен ұштасып іс етуін және дене қуаты жағынан мейлінше төзімді болуын талап ететіні тәжірибеде көрінді.

Армиямыздың, авиациямыздың және флотымыздың составының міндеті өзінің жауынгерлік шеберлігін қажырлылықпен күннен-күнге арттыра беруде, соғыс тәжірибесін мұнан әрі терең зерттеп, оны шеберлікпен пайдалануда.

Генералдар, адмиралдар мен офицерлер өздерінің теориялық-соғыс және саяси білімін үздіксіз арттыра беруге, сол сыяқты бейбітшілік кездегі үйреніс жағдайында өте-мөте хажет болып отырған әскери даярлықтың әдістерін меңгеруге міндетті.

Әскери тәртіпті сақтау, солдаттар мен матростарды үйрету және тәрбиелеу жөнінде іс жүзінде офицерлердің ең жақын көмекшісі болу үшін сержанттар мен старшиналар командирлік тәжірибені қажырлылықпен меңгерулері керек.

Жорық-соғыс жағдайының қандай қиыншылықтарын болса да жеңе алатын шебер жауынгер болу үшін солдаттар мен матростар өздерінің атқыштық, тактикалық, стройлық, арнаулы және саяси даярлығын ынтамен, бар күшін аямай, арттыра берулері, дене қуаты жағынан шыныға берулері керек.

Өздерінің қарамағындағы адамдарды үйретіп, тәрбиелей отырып, барлық командирлер мен бастықтар олардың тұрмысына, тамақтандырылуына, орналастырылуына және киіндірілуіне, әскери қызметшілер өздеріне тиесілі жабдықтың бәрімен мезгілінде және толық қанағаттандырылуына қамқорлық көрсетуге міндетті.

Ең алдымен, әскери қызметшілердің жоғары дәрежелі саналылығына және саяси тәрбиесіне негізделген күшті әскери тәртіп қарулы күштеріміздің жауынгерлік қабілетінің аса маңызды шарты болып табылады. Сондықтан, барлық командирлер мен бастықтар әскери тәртіпті үнемі нығайтып, қатаң талаптар қоя отырып, мұнымен бірге, өздерінің қарамағындағы адамдарды күнбе-күн Отанымызға шын берілгендік рухта, әрбір жауынгердің әскери міндетін саналылықпен орындауы және Отанымызды қорғау ісі үшін өз басының жауапты болуы рухында тәрбиелеуге міндетті.

Солдат, матрос, сержант және старшина жолдастар!

Офицер, генерал және адмирал жолдастар!

Совет үкметі және біздің коммунист партиясы атынан сәлем жолдап, сіздерді Совет Армиясының 29 жылдығымен құттықтаймын.

Совет Армиясының 29 жылдығы хұрметіне б ұ й р а м ы н :

Бүгін, 23 февральда Отанымыздың астанасы Москвада, одақтас республикалардың астаналарында, сол сыяқты, Калининградта, Львовта, Хабаровскіде, Владивостокта, Порт-Артурда және қаһарман қалалар — Ленинградта, Сталинградта, Севастопольда, Одессада жыйырма дүркін зеңбірек атылып, салют берілсін.

Совет Армиясы және Соғыс Теңіз Флоты жасасын!

Біздің совет үкметі жасасын!

Біздің коммунист партиясы жасасын!

Улы совет халқы жасасын!

Біздің қуатты Отанымыз жасасын!

ССР Одағы Қарулы Күштері Министрі  
Советтер Одағының Генералиссимусы  
И. СТАЛИН.

462034



## Ұлы Октябрь социалистік революциясының отыз жылдығын лайықты табыспен қарсы алайық

---

Ұлы Октябрь Социалистік революциясының отыз жылдық мерекесіне 8 айдай ғана уақыт қалды. Советтер Одағының халықтары бұл мерекені зор өрлеумен қарсы алуға даярланып жатыр. Совет адамдары даңқты мейрамды жаңа еңбек өрлеуімен қарсы алуға жұмылуда. Олар өздерінің барлық күш-қуатын өзінің социалистік Отанының экономикалық, саяси және мәдени өсуі жөнінде бұрынғыдан да зор табыстарға жетуге жұмсап отыр.

Совет халқы совет мемлекетінің өмір сүргеніне ширек ғасыр толуын әдеттегідей қуанышты және салтанатты етіп мейрамдай алмады.

1941 жылғы 7 ноябрьді совет адамдары ешуақытта да ұмытпайды. Бұл күні Сталин жолдас Қызыл аялда тарихи сөз сөйледі. Ол уақытта, жау жыртқыштар Москваға төніп, немістің генералдары мақтаншақтықпен биноклмен карап Кремльдің қабырғасын көріп тұрмай деп даурықты; Ленин Мовзолейінен Совет халқы мен оның қуаты армиясы өзінің көсемі және қолбасшысының жеңіске толық зор сенім білдіріп сөйлеген сөзін естіді. Неміс генералдары мен онмыңдаған солдаттары шынында да Москваны көрді—олар тұтқын есебінде Москва көшелерімен жүргізілді. Бұл Совет Армиясы мен совет халқының Москваның түбінде қолы жеткен бірінші ұлы жеңісі болды.

Қазір, 30 жылдық мерекенің қарсаңында совет адамдары 1941 жылғы 7 ноябрьді ерекше еске түсіреді. Совет астанасының дағдыры шешіліп жатқан нақ осы қатал күндерде Сталин жолдас жеңіп шығатынымызды сеніммен алдынала айтып берді. Болашақта болатын уақиғаның бұл болжауын басқа көптеген болжаулар сыяқты Сталин жолдас соғыстың барысында дәл етіп айтып берген еді, Сталин жолдастың бұл болжауы іс жүзінде дәлме-дәл орындалды. Жеңіске деген осы сеніммен Сталин жолдас соғыс майдандарында және тылда совет армиясы мен халықтың қаһармандықпен алға басуына дем берді. Біздің халқымыз жеңімпаз, даңқты халық деген атаққа ие болды. Сондықтан да біздің алда болғалы отырған салтанатты мерекеміз өте қуанышты, өте салтанатты болып өтеді. Бұл жеңімпаздардың мерекесі болып табылады.

Совет адамдары большевиктік партияның, Орталық Комитеттің, совет халқының көсемі және тәрбиелеушісі Сталин жолдастың басшылығының арқасында жаңа бесжылдықтың бірінші жылының жоспарын орындап шығу үшін өздерінің жанқиярлық күресінде едәуір табысқа ие болды.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны өркендете беру жөніндегі істеген еңбекте халқымыздың қолы жеткен табыстар социалистік құрылыста қандай аса зор мүмкіндіктердің бар екенін дәлелдейді. Бұл табыстар сондай-ақ совет халқының өздерінің жанқиярлық еңбегімен большевиктік партия мен совет үкметіне және көсеміміз Сталин жолдасқа шын берілгендіктерін дәлелдеуіне айқын мысал болып табылады. Совет адамдары бесжылдық жоспарды Отанымызды



жаңадан гүлдендіру үшін күрестің жауынгерлік программасы ретінде қарсы алды.

1946 жылдың жоспарларының өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының көптеген салалары бойынша едәуір асыра орындалуы совет халқының Сталин жолдастың төртінші бесжылдықта қойған тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шығатынына зор сенім туғызып отыр. 1947 жыл — жаңа бесжылдықтың екінші жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін қазір елімізде бүкілхалықтық социалистік жарыс кеңінен өрістетілуде. Ол Ленинград өнеркәсіп орындары коллективтерінің Советтер Одағының кәсіп орындарының барлық жұмысшыларына, инженерлеріне, техниктеріне, мастерлері мен қызметкерлеріне арнап жазған үндеуінен туып отыр. Ленинградтықтардың, оған кейінгі Донбасстың, Күзбасстың, Қарағандының, Москва түбіндегі көмір алабының шахтерлерінің үндеулерін Советтер Одағының миллиондаған жұмысшы табының бұқарасы, инженерлері мен техниктері, барлық еңбекшілері қызу қарсы алды.

Сөйтіп совет халқы өздерінің алдына Төртінші бесжылдықтың екінші жылының жоспарын 1947 жылдың 7 ноябріне дейін — Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 30 жылдығына дейін орындап шығу үшін күрес жүргізуді ең негізгі міндет етіп қойып отыр.

Бұл әрі күрделі, әрі қыйын міндет.

1947 жылғы 1-мартта ССРО Министрлер Советінің «ССРО Халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендетудің 1947 жылға арналған жоспары» жарияланды. Бұл жоспар халық шаруашылығының барлық саласында құрылыс пен техникалық прогресстің қарқынын бұдан былай да күшейтін, совет халқының тұрмыс жағдайын едәуір жақсартуды көздеп отыр.

Үстіміздегі жылы металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібінде, теміржол транспортында зор табыстарға ие болу міндеті алға қойылып отыр. Халық шаруашылығының бұл маңызды салалары үстіміздегі жылы сондай-ақ бесжылдықтың келесі жылдарында да социалистік құрылыстың қарқынын белгілейді.

Бұрынғы барлық Сталиндік бесжылдықтардың жоспарларын ойдағыдай іске асыру социалистік құрылыстың ең басты әдісі — социалистік жарысқа байланысты болғаны айқын пәрсе.

Ленин мен Сталин социалистік жарысқа әруақытта зор маңыз беріп келді.

Бірінші бесжылдықтың қорытындысын жыйнақтай келіп, Сталин жолдас ол уақытта біздің тарихи жеңіске ие болуымызды қамтамасыз еткен негізгі күштерді айқын көрсетіп берді: «Бұл алдымен, жұмысшылар мен колхозшылардың миллиондаған қалың бұқарасының белсенділігі, аянбаушылығы, жігері мен инициативасы, бұлардың инженер техник қызметкерлермен бірге социалистік жарыс пен екпінділікті өрістетуде айта қалғандай зор жігерлілік көрсеткендігі. Күмән жоқ дәл осы жағдай болмаса, біз көздеген мақсатымызға жете алмайтын едік, ілгері қарай бір қадам да аттап баса алмайтын едік».

Социалистік жарыстың туғанына 20 жылдай уақыт болды. Оған партия мен үкмет басшылық еткендіктен социалистік жарыс сталиндік бесжылдықтың ұлы жоспарларын іс жүзіне асыруға мықты құралға айналды, жыл сайын ол кеңінен мейлінше өрістеп, өзінің қатарына жаңадан миллиондаған еңбекшілерді тартып, социалистік құрылыс ісіне ойдағыдай қызмет етуде.

Еліміздің алдына социалистік құрылыстың практикасы қойған міндет неғұрлым қыйын болса, совет халқының алдына партия мен мемлекет қойған жоспарлар неғұрлым аса зор болса, солғұрлым социалистік жарыс өндірістің миллиондаған озаттарын туғызып, жарысқа



түскен бұқараның арасынан социалистік өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығы мен ғылымның жаңалық табушыларын шығарып отыратынын біз жақсы білеміз.

Міне сондықтан да халқымыз совет мемлекетінің даңқты отыз жылдығын лайықты қарсы алуға даярлана отырып, сыналған әдіс — жаңа өндірістік табыстардың негізгі қайнар бұлағы — социалистік жарысқа түсіп отыр.

Большевиктік партия мен совет мемлекеті ССРО халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің 1947 жылға арналған мемлекеттік жоспарын жариялап, халқымызға қыймыл жасаудың жауынгерлік программасын жасап берді. Қазір жұмысшылардан, колхозшылардан, интеллигенциядан барлық күштерін әрбір завод, жаңа құрылыс, артель, әрбір жұмысшы, әрбір жұмысшы әйел, инженер және техник тапсырмасын күн сайын, ай сайын, тоқсан сайын асыра орындауға жұмсауы талап етіледі.

Еліміздің ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндеттерге ерекше көңіл қойып тоқтауға тура келеді.

БК(б)П Орталық Комитетінің февральда болған пленумы «Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету шаралары туралы» мәселе талқылап, кең қаулы алды. Бұл тарихи қаулы әсресе жау басып алған жерлерде соғыс уақытында елеулі күйреген ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайын терең талдай отырып, партия және совет органдарынан ауыл шаруашылығына зор көңіл бөлуді және оған басшылықты негізінен жақсартуды талап етті.

Қазіргі кезеңде еліміз үшін ауыл шаруашылығының маңызы және тарихи дамуы БК(б)П Орталық Комитетінің пленумының қаулысында ерекше күшпен атап көрсетілді:

«БК(б)П Орталық Комитетінің Пленумы ауыл шаруашылығын тезірек қалпына келтіру және өркендету ісіне бірінші дәрежелі маңыз береді, бұл ССР Одағының бүкіл халық шаруашылығын ойдағыдай өркендетудің және халықтың әл-ауқат дәрежесін жақсарту беруді қамтамасыз етудің хажетті шарты болып табылады деп есептейді».

БК(б)П Орталық Комитетінің Пленумы партия және совет ұйымдарына үш жыл ішінде астық, мақта, шашақты зығыр және қант қызылшасын өндіруді соғыстан бұрынғы дәрежесіне жеткізіп қана қоймай, онымен бірге одан едәуір асыруды міндеттеді. Қартопты, овощты, майлы егістерді және басқа егістерді өндіруді тез көбейту керек. Пленум мал шаруашылығын өркендетудің қарқынын қарады, мұның өзі 1948 жылдың аяғына сыйыр малының, қоймен ешкінің және 1949 жылдың аяғына шошқаның саны соғысқа дейінгі дәрежесіне жетуіне және одан асырылуына мүмкіндік береді.

БК(б)П Орталық Комитетінің Пленумы совхоздарды шаруашылықтың әртүрлі салаларын дұрыс ұштастырып отыратын сан алуан салалы шаруашылыққа айландыру жөнінде кенінен шаралар белгіледі.

БК(б)П Орталық Комитетінің Пленумы ауыл шаруашылығына зор көмек көрсету жөнінде мемлекеттік шаралардың жоспарын жасады. Бұл көмек еңалдымен мынада болып отыр: тракторларды, комбайндарды трактордың ауыл шаруашылық тіркеу құрал-саймандарын, ауыл шаруашылық машиналарын, автомобильдерді, тыңайтқыш заттарды өндіру өте күшейе түседі. Бұл соғыс уақытында ауыл шаруашылығына техника жөнінен болған шығынның таяу жылдардың ішінде орнын толтыруға ғана емес, онымен бірге колхоздар мен совхоздардың техникалық базасын күшейте түсуге мүмкіндік береді.

БК(б)П Орталық Комитеті мен үкметтің ауыл шаруашылығына көрсетіп отырған көмегі қазірдің өзінде-ақ көрініп отыр. Жаңа тракторлар, комбайндар, трактордың тіркеу саймандары, автомашиналар



көптеп түсе бастады. Оның ішінде Қазақ ССРы біржарым мыңнан аса жаңа трактор, бірнеше мың автомашина, көптеген тіркеу саймандарын және ауыл шаруашылығының басқада құрал-саймандарын алды.

БҚ(б)П Орталық Комитетінің февральдағы пленумының қаулысында көрсетілген ауыл шаруашылығын бұдан былай өркендете беру үшін күрестің ұлы программа совет халқынан оны толық іске асыру үшін зор күш және қаражат жұмсауды талап етеді.

Сондықтан да партияның облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, еңбекшілер депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық советтері БҚ(б)П Орталық Комитеті Пленумының осы тарихи қаулысын орындау үшін күреске аса зор көңіл бөлулері керек.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 30 жылдығына байланысты жұмысшы табының бастауымен өрістеп отырған социалистік жарыс колхозды деревняға да кеңінен жайылуы керек. Қазір БҚ(б)П Орталық Комитетінің февраль пленумы белгілеген барлық шараларды іс жүзіне асырудан басқа өте маңызды және шешуші міндет жоқ.

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, совхоздар мен МТС-тардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының мамандары, колхоз құрылысының басшылары барлық күштерін бірғана мақсатқа ауыл шаруашылығын батыл өркендетуге бағыттауға міндетті. Бұл социалистік жарысқа барлық колхозшылар, совхоздар мен МТС жұмысшылары, ауыл шаруашылығының мамандары түгел тартылуы керек деген сөз. Колхоздар мен совхоздардың егін даласында жанкыярлық еңбек мейлінше қайнап қыза түсуі керек. Партия және совет органдары жарысқа қатынасуды әрбір адамның жоғары еңбек өнімділігіне ие болуы үшін күн сайын іс жүзінде көмек көрсетіп, ауыл шаруашылығының жаңа озаттарын тәрбиелеп өсіріп отыруы хажет. Тек осы негізде ғана колхоз өндірісін жаңадан күшті өркендете түсуге болады.

Республиканың оңтүстік облыстарында көктем егісі қызу жүріп жатыр. Бір — бір жарым айдан кейін Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстары да көктемгі егіс науқанына кіріседі. Соғыстан кейінгі екінші көктемде егіс көлемі 4.664 мың гектар болып отыр.

Үстіміздегі жылдың көктем егісі ауыл шаруашылығын өркендету жолында елеулі қадам басқандық болып және БҚ(б)П Орталық Комитетінің февральдағы пленумының тарихи қаулысын ойдағыдай, іске асырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Осының бәрін және онымен бірге быйыл көктемнің ерте шыққанын еске ала отырып, егіске дайындықты аяқтап, оны агротехникалық жоғары дәрежеде агротехникалық қысқа мерзім ішінде өткізуге ерекше жауапкершілікпен көңіл бөлу керек.

Партия, совет ұйымдары, село коммунистері, колхоз председателдері, МТС және совхоз директорлары, деревняның барлық еңбекшілері быйылғы жылғы көктем егісін маңызды шаруашылық саяси науқан деп қарауы керек.

Жаңа бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындап шығу әрбір совет адамының идеялық және саяси дәрежесіне байланысты. «Біздің жоспарымыздың ақиқат екендігіне, — деп көрсетті Сталин жолдас — жана тұрмыс орнатып жатқан миллиондаған еңбекшілер айғақ. Программаның ақиқат екендігіне — кәдімгі адамдар, біз бен сіздер, біздің еңбекке ұмтылған талабымыз, жұмысты жаңаша істеуге әзірлігіміз, жоспарды орындауға бел байлағанымыз айғақ». Демек, совет адамдарының саяси санасы неғұрлым жоғары болса, олардың жұмысты жаңаша істеуге даярлығы солғұрлым жақсы болады, жоспарды орын-



дауға деген сенім солгурлым мол болады, сталиндік төртінші бесжылдықтың міндеттері осыны талап етеді.

Партия ұйымдарының міндеті — бұқара арасында үгіт-пропаганда жұмысын кең өрістетіп, оларға өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ғылым және мәдениет жөнінен халқымыздың алдында тұрған ұлы тарихи міндеттерді түсіндіру болып табылады.

Үстіміздегі жылы жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның арасындағы саяси-көпшілік жұмысы Ұлы Октябрьдің 30 жылдығына даярлану ісіне арналып жүргізілуі тиіс. Совет адамдары совет елі өткен 30 жылдық өмірге көз жіберіп, ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңіп шығуының нәтижесінде елімізде болған өте зор экономикалық, саяси және мәдени қайта құрылысқа тағы да бір жете зейін салулары керек.

Бұқара арасында үгіт-пропаганда жұмысын кең өрістету үшін қазір партия ұйымдарында мүмкіншіліктің бәрі бар. Ең алдымен оларда сайлау науқаны уақытында құрылған үгітшілердің жақсы және үлкен резерві бар. Бұл күшті толық дұрыс пайдалану — совет халқының арасындағы саяси жұмысты жаңадан өрістетіп, қыздыра түсу деген сөз.

Жұмысшыларға, колхозшыларға және интеллигенцияға партия мен совет мемлекетінің соңғы кезде орталық баспасөзде жарияланған маңызды нұсқауларының мәнін терең және кеңінен түсіндіру керек. Біздің адамдарымыз БК(б)П Орталық Комитетінің февральдағы пленумының «соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету шаралары туралы» қаулысымен және ССРО халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің 1947 жылға арналған жоспарымен барлық жағынан таныс болуы керек.

Большевиктік әдет жаңа бесжылдық жоспар үшін күресушілердің алдыңғы қатарында коммунистердің болуын, олардың әруақытта жетекші ролде болуын талап етеді. Олар бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін жүргізілетін күрестің алдыңғы қатарында болулары керек. Жұмыстың қандай учаскесінде болса да коммунистер әруақытта жоғары еңбек әнімділігімен, ұйымшылдығымен және тәртіптілігімен, партия мен совет мемлекетінің нұсқауларын қатаң сақтауымен ерекше көзге түсіп отырады. Бұл тамаша қасиеттер қазір әрбір коммунисте бұрынғыдан да күштірек болуы керек.

Коммунистер табандылықпен, қажымай оқып, өздерінің ой-өрісін кеңейтіп, большевиктік партияның тарихы мен теориясын, ғылым мен техниканы меңгеруі хажет. Олар күн сайын өзінің іс мамандығын көтеріп отыруға міндетті, өйткені тек осы негізде ғана алға басып, творчестволық инициатива көтеріп, жаңалық табуға болады.

Коммунист өз маңындағы адамдардың арасында күнделікті көпшілік-саяси жұмысын жүргізіп отыруы керек. Көптеген коммунистер БК(б)П Устабының бұл маңызды талаптарын ұмытты дегенге келісуге болмайды. Коммунистер басқаларға қарағанда еліміздің алдында тұрған міндеттерді ішкі саяси және халықаралық өмірдегі оқиғаларды жақсы біледі. Сондықтанда олар адамдарымызға совет мемлекетінің экономикалық, саяси және соғыс қуатын бұдан былай да күшейту жөніндегі шараларды кеңінен түсіндіріп отыруға тиіс.

Қазақстанның партия ұйымында 200 мыңнан аса партия мүшесі мен кандидаты бар. Қазақстан еңбекшілерінің бұл аса зор алдыңғы қатарлы отряды жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның соғыстан кейінгі бесжылдықтың жоспарларын орындап және асыра орындап шығу үшін отаншылдық күресіне басшылық етуді қамтамасыз етеді және қамтамасыз етуі керек.



Совет халқының жолында соғыстан және құрғақшылықтан туған үлкен қиыншылықтар тұр. Бірақ большевиктер партиясы бұл қиыншылықтардан шығудың бірғана жолы — бұл қиыншылықтарды жою деп үйретеді. ССРО халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендете берудің 1946 — 1950 жылдарға арналған жоспарды орындап және асыра орындау үшін күш-қуатты аямай күресу — қиыншылықтарды жойып, совет мемлекетінің экономикалық қуатын жаңадан өсіру, халқымыздың материалдық әл-ауқатын елеулі жақсартуға жәрдемдесу деген сөз.

Большевиктік партияның, оның орталық комитетінің, совет үкметінің, совет халқының көсемі және тәрбиелеушісі Иосиф Виссарионович Сталиннің басшылығы арқасында совет халқының алдына қойылған ұлы міндеттер орындалады.



# Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері

*ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретарі  
Ж. ШАЯХМЕТОВ жолдастың Алматы қаласының  
ғылым, әдебиет және көркем өнер қызметкерлерінің  
жыйылысында жасаған баяндамасы\**)

Жолдастар!

В. И. Лениннің Шығармалар Жыйнағының IV рет басылуы және И. В. Сталиннің Шығармалар Жыйнағының бірінші рет басылып шыға бастауы соғыстан кейінгі дәуірде партиямыздың және бүкіл совет халқының идеялық өміріндегі ең көрнекті табыс. Қазір совет халқы, оның интеллигенциясы Ленин мен Сталиннің ұлы еңбектерін үйренуге айрықша зор мүмкіншілік алып, большевиктер партиясының пролетарлық революция жасау және елімізде социалистік қоғам орнату күресіндегі орасан мол тарихи тәжірибесі қорытылған осы еңбектерді үйренуде.

БК(б)П Орталық Комитеті 1946 жылы «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы, «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту шаралары туралы», «Зор өмір» кинофильмі туралы» аса маңызды тарихи қаулылар қабылдады. Бұл қаулылар идеология майданындағы жұмысымызда, еліміздің еңбекшілеріне коммунистік тәрбие беруде бәріміздің айбынды программamız болып табылады.

БК(б)П Орталық Комитетінің бұл қаулыларының асқан зор маңызы мен мәні не де? Бұл қаулылар ғылым саласында болсын, көркем әдебиет саласында болсын журналдарымыздың бәрі, баспасөз орындарымыздың бәрі партиялық болуын, халық мүдделеріне, мемлекет мүдделеріне қызмет етуін талап етеді. Өйткені, еңбекші бұқараны, жастарды совет саясатына немқұрайды қарау рухында, селқостық және идеясыздық рухында тәрбиелеуге совет құрылысы, совет халқы, партиямыз көне алмайды.

БК(б)П Орталық Комитетінің бұл қаулыларының асқан зор маңызы мен мәні мынада: ол қаулылар совет адамдарынан, әдебиетшілерден, көркем өнер қайраткерлерінен, ғылым қызметкерлерінен, үлкенді-кішілі басшы қызметкерлеріміздің бәрінен өздерінің жұмысында партияның халыққа, оның хажеті мен тілегіне қамқорлығын толық көрсетіп отыратын лениндік-сталиндік саясатты қолдануды талап етеді. БК(б)П Орталық Комитетінің қаулылары біздің ғылым, әдебиет және көркем өнер қайраткерлерінен халыққа шын беріліп қызмет етуді, коммунизмнің озық, игі идеалдары үшін күресуді, большевиктер партиясының мәңгі өшпейтін идеясын бұқараға большевиктік жігермен жеткізіп отыруды талап етеді.

БК(б)П Орталық Комитетінің қаулыларының маңызы мен мәні мынада: ол қаулылар ғылым, әдебиет және көркем өнер қайраткерлерінен қазіргі заманнан бойын аулақ салмауды, қайта совет тұрмысының барлық жақтарын терең зерттей отырып, совет тұрмысынан алынған көрнекті, құнды көркем шығармалар жазуды, коммунистік жаңа қоғам орнатушы адамдарымыздың айқын бейнелерін жасауды, сөйтіп, мемлекеттің жастарды дұрыс тәрбиелеуіне, жастардың тілегін орындап

\* Ж. Шаяхметов жолдастың баяндамасы қысқартылған стенограмма бойынша берілді.



отыруына, жана жеткіншектерді шыйрақ, өз ісіне сенетін, қыйыншылықтардан қорықпайтын, қандай кедергілерді болса да жеңуге даяр тұратын етіп тәрбиелеуіне көмектесуді талап етеді.

БК(б)П Орталық Комитетінің қаулылары әдебиет, көркем өнер, ғылым қызметкерінен өздерінің жұмысындағы қателер мен кемшіліктерді большевиктік принциптілікпен кеңінен сынауды және өзара сынға салып отыруды талап етеді.

БК(б)П Орталық Комитетінің бұл тарихи қаулылары идеология жұмысында негізінен өзгеріс туғызғаны өздеріңізге мәлім. Бүкіл елімізде, оның ішінде Қазақстанда идеология майданының әртүрлі салаларындағы жұмыстың қателері мен кемшіліктері терең сынала бастады.

Партиямыздың нұсқауларына және заманымыздың қойып отырған талаптарына сәйкес өздерінің жұмысын неғұрлым тез қайта құру керек екенін әдебиетшілер мен ғылым қызметкерлерінің көпшілігі түсінді. Алайда, республикамыздың әдебиетшілері мен ғылым қызметкерлері арасында кейбір жолдастар БК(б)П Орталық Комитетінің бұл қаулыларынан тиісті қорытындылар шығара білмеді. Ондай жолдастар тегі большевиктік сын өздеріне соқпай өте шығады, ал, азды-көпті сүйкеп қалса онда, үндемей қутыламыз, қаға берісте қаламыз деп ұйғарған болса керек. Әдебиет және тіл ғылымы саласындағы жеке әдебиетшілеріміз бен ғылыми қызметкерлеріміз БК(б)П Орталық Комитетінің бұл қаулыларына арналған жыйылыстарда жеңіл-желпі сынды өзінде-ақ ашыла бастаған өздерінің жұмысындағы ал-айқын көрініп отырған қателер мен кемшіліктерді мойындамау немесе бүркемелеу жолына түсті.

Сол себепті КК(б)П Орталық Комитеті БК(б)П Орталық Комитетінің жоғарыда көрсетілген қаулыларына сәйкес идеология жұмысының жайын, ең алдымен қазақ әдебиеті мен қазақ тілі жөніндегі жұмыстың жайын толық зерттеп, тексеруді лайық деп тапты.

Бұл іске кіріскенде идеология жұмысымыздың барлық салаларын хажетсіз, зиянды, жат пікірлердің бәрінен тазартып, әдебиетшілеріміздің және ғылыми қызметкерлеріміздің барлық күші мен жігерін совет халқына коммунистік тәрбие беру ісіне елеулі көмек көрсете алатын жоғары идеялы, көркем, құнды шығармалар жазуға жұмылдыру, идеология жұмысының барлық құралдарын — баспасөзді, пропаганданы, үгітті, әдебиет пен көркем өнерді, қоғамдық ғылымдардың барлық салаларын бұрынғыдан да жоғары сатыға көтеру міндеті алға қойылды.

Біз күнбе-күнгі жұмысымызда болған және болып отырған кемшіліктер мен қателерді жоюды большевикше баса айтсақ, кейбір жолдастар: Қазақстанда жетістіктер мен табыстар бар ма, осы? деп сұрайды.

И, бар. Қазақстанда жетістіктер мен табыстар орасан зор. Тарихи қысқа мерзім ішінде жаңадан ондаған, жүздеген үлкенді-кішілі заводтар, фабрикалар, шахталар, рудниктер, промыселдар салынды, артельдер ашылды; сыннан өткен колхоз құрылысы негізінде он мыңдаған тракторлары, комбайндары, автомашиналары және басқа күрделі ауыл шаруашылық машиналары бар механикаланған ірі ауыл шаруашылығы құрылды; темір жолдар және байланыс құралдарының алуан түрінің бәрі әлденеше есе өсті; мыңдаған мектептер, дәрігерлік пункттері, ондаған жоғары дәрежелі мектептер, жүздеген орта мектептер ашылды, жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу жүзеге асырылды.

Қазақстанда қазақ тілінің өзінде ғана 134 газет, бірнеше журнал шығарылады. Соңғы кезде жалпы тиражы 30 миллионнан асатын әдебиет шығарылды. Қазақ тілінде Ленин мен Сталиннің 49 еңбегі басылып шықты. Бұлардың тиражы 1 миллионға жуық. Пушкиннің, Лермонтовтың, Гогольдің, Шевченконың, Горькийдің, Гейнениң, Шекспир-



дің және басқа классиктердің жеке шығармалары қазақ тіліне аударылды.

Дүниені ғылыми жолмен танудың ең күрделі мәселелерін шеше алатын ғылыми-зерттеу институттары және көптеген ғылыми қызметкерлері бар Қазақ ССР Ғылым Академиясының ашылуы аса зор саяси маңызы бар оқиға болды.

Мұның бәрі қазақ халқының экономикасы мен мәдениетін жоғары сатыға көтерді, орасан көп ұлт кадрларын: ұлы Отанымыздың игілігіне қызмет ететін білімпаздар, әдебиетшілер, суретшілер, артистер, композиторлар, инженерлер, оқытушылар, дәрігерлер тәрбиелеп өсіруге мүмкіншілік берді.

Бұл жетістіктер мен табыстарға жетуге біздің білімпаздарымыз бен әдебиетшілеріміз мықтап ат салысты. Сіздердің көбіңіз республикамыздың экономикалық және мәдени тұрмысына белсене қатысып келесіздер.

БК(б)П Орталық Комитеті, Сталин жолдас біздерге қол жеткен табыстарға қанағаттанбаңдар, бұл табыстарды баянды ете отырып, жаңа жеңістерге, жаңа табыстарға қарай алға баса беріңдер, деп үйретіп отырғанын бәріңіз де жақсы білесіздер.

Мұның үшін істелген жұмысты талдап тексеріп, оның жақсы жақтарымен бірге осал жақтарын, кемшіліктер мен қателерді таба білудің, сөйтіп бұл кемшіліктер мен қателерді жоюға ерекше көңіл бөліп, барлық шараларды қолданудың орасан зор маңызы бар.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің бюросы маған Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысынан Орталық Комитет тапқан кемшіліктер мен қателерді баяндауды тапсырды. Сіздерден рұхсат болса, енді соған көшейін.

Тіл және әдебиет институты қазақ әдебиетінің тарихын марксистік-лениндік жолмен зерттеу жөніндегі аса маңызды, игілікті міндетін атқара алмай, саяси өрескел қателер істеді, бұрмалаушылықтарға жол берді. Әдебиетті, көркем өнерді және қоғамдық сананың басқа түрлерін қоғам тұрмысының жағдайларынан бөле қарау, рухани мәдениетті материялық мәдениеттен бөле қарау, революциядан бұрын қазақ ауылдында тап күресі болғанын мойындамау немесе оны бүркемелеу, — міне әлгі қателер мен бұрмалаушылықтардың түрі осындай.

Тіл және әдебиет институтының еңбектерінде, оның ішінде Ә. Мәметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері» деген диссертациясында революциядан бұрынғы ақындардың ауызекі шығармаларының әлеуметтік мәні мүлде ашылмаған, олардың бірсыпырасы хандар мен бектердің мүдделерін көздегені көрсетілмеген. Қазақ әдебиетінің туу, өсу тарихы сол кездегі қоғамдық құрылыстың материялық тұрмыс жағдайларымен мүлде байланыстырылмаған. Осының салдарынан қазақ тарихындағы әйгілі ірі феодалдар, байлар, билер — қалың бұқараны қан қақсатқан Қеңгірбай, Қараменде, Шорман және басқалары халық даналары, қазақ халқының қамқорлары деп дәріптелген.

Совет өкметі өмірінің 30 жылында хандарды, байларды, билерді, ақсақалдар мен бәйбішелерді дәріптеудің не хажеті бар?

ҚК(б)П Орталық Комитетіндегі мәслихатта осы мәселені қарағанда Смаилов жолдас былай деді:

«Біріншіден, Мәметованың диссертациясы байлардың жайын анықтауға арналмаған. Қазақ ССРның тарихы жазылмаған. Бидің, батырдың кім болғанын, байдың жайын анықтайтын әдеби зерттеулер әлі жоқ. Ауыз әдебиетінің шығармалары жеке байларды дәріптейтіндіктен, бұл мәселе әдеби тұрғыдан қойылды...»



Смаилов жолдасқа байлардың жайы әлі күнге анық емес, бұл мәселе жөнінде әдеби зерттеулер керек болатын сыяқты.

Большевизм рухына қайшы келетін, ғылымға жат нәрселердің бәрін «әдеби тұрғыдан» жаза беруге болады, сөйтіп халқымыздың, жастарымыздың мыйын уландыра беруге болады деп қайда айтылған екен? Біздің әдебиет партиялық әдебиет екенін, біздің әдебиет түгелінен большевиктер партиясының саясатын баяндап, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне көмектесіп отыруға тиіс екенін Смаилов жолдас қалай түсінбейді?

Тіл және әдебиет институты, оның жеке ғылыми қызметкерлері бізге дейін болған таптық қоғамдардың өндіріс қатынастарының әлеуметтік мәнін ашып көрсетпеді. Мәселен, Қенжебаев жолдас өзінің «С. Торайғыровтың ақындығы туралы» деген диссертациясында былай деді:

«...Халқымыз тап ретімен ұйымдасып үлгірмегені былай тұрсын, тапқа айқын жіктеліп те жеткен жоқ еді. Сондықтан да, біздің ол кездегі әдебиетімізде таптық бағыт, таптық көзқарас күңгірт жатады. Бізде айқын, таза тап ақыны, тап жазушысы жоқ деуге болады».

Қазақ әдебиеті тарихының мәселелерін мұндай өрескел қате және ғылымға қайшы әдіспен баяндау салдарынан өткен заманның әдебиет мұрасының бәрі, қазақ халқының әдебиет өкілдерінің бәрі біржақты, тек жақсы жағынан зерттелді. Осыдан келіп өткен заманның әдебиет өкілдерінің бәрі жалпы ұлт, жалпы халық қамқоры деп көрсетілді.

Мұндай теріс әдіс өткен заманды, хандарды, байларды, билерді дәріптеуге, қазақ ауылының бұрынғы феодалдық-рушылдық қалпын көксеуге әкеліп соқты.

Ақыр аяғында, қазақ әдебиеті тарихының мәселелерін мұндай өрескел қате, ғылымға жат әдістермен баяндау салдарынан марксизм-ленинизмге көріне қайшы келіп ғылыми әдебиетімізде бұрынғы қанаушы таптардың өкілдерінің бәрі мұнтаздай болып шықты, езілген таптардың өкілдері, өткен заманда халықтың тұрмыс мүдделерін көксеген, үстем тапқа, билер мен бектерге қарсы шыққан таңдаулы адамдар ескерусіз қалдырылды.

Қазақ халқының мәңгі өшпейтін өлеңдерін, дастандарын, мақалдар мен мәтелдерін дұрысында қазақ еңбекшілерінің сондай алдыңғы қатарлы адамдары, қазақ халқының өзі шығарғаны әрқайсымызға мәлім.

Сонда, өлеңдер, мақалдар мен мәтелдер шығарған, өткен заманға, қанаушы байлар мен феодалдарға нәлет айтқан қазақ халқынікі дұрыс па, әлде байлар мен феодалдардың өкілдерін дәріптеуші Смаилов бастап отырған тіл және әдебиет институтынікі дұрыс па? Әрине, Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтынікі емес, халықтікі дұрыс.

Тіл және әдебиет институты қазақ әдебиетінің тарихын баяндау мәселелерінде марксизм-ленинизм тұрғысынан ауа жайылды. Алғашқы қауымның тарихынан басқа барлық қоғамдардың тарихы таптар күресінің тарихы болғаны жұртқа мәлім.

Тіл және әдебиет институты, оның жеке ғылыми қызметкерлері жалпы адамзат қоғамының, оның ішінде қазақ халқының даму жолын білмейді немесе білгісі келмейді.

Таптардың құралуының негізі болған дәулет теңсіздігі қазақ ауылында ХХ ғасырдан көп бұрын болды. Ал, ХХ ғасырдың бас кезінде, Ұлы Октябрь революциясының қарсаңында, Қазақстанның қазіргі бірсыпыра маңызды өнеркәсіп және ауыл шаруашылық аудандарында капиталистік қарым-қатынастар болды. Демек, революцияға дейінгі қазақ ауылында патриархалдық-рушылдық және феодалдық-капиталистік



қарым-қатынастардың ұштасуынан туған қанаушылықтың әр алуан түрлері де болды.

Мұның бәрі тіл және әдебиет институтының, оның жеке ғылыми қызметкерлерінің мынадай лениндік қағиданы білмейтіндігін немесе ұмытқандығын көрсетеді:

«...тірі жанның бірде-бірі белгілі бір тапты жақтамай отыра алмайды... Ол таптың табысына қуанбай отыра алмайды, оның сәтсіздігіне қынжылмай тұра алмайды, ол тапқа дұшпандық істеушілерге, кертартпа көзқараста болып, оның өркендеуіне бөгет жасаушыларға және басқа сондайларға кектенбей отыра алмайды» (В. И. Ленин, Шығармаларының 4-басылуы, II том, 498 — 499-бет).

Институттың және оның жеке ғылыми қызметкерлерінің қазақ әдебиеті тарихын баяндаудағы саяси өрескел қателері мен бұрмалаушылықтары, міне, осындай.

Жастарымызды тәрбиелеу, олардың мәдениетін көтеру ісінде жалпы оқу кітаптарының, әсіресе, әдебиет пен тіл жөніндегі оқу кітаптарының зор маңызы бар. Амал не, мұнда да елеулі қателер мен бұрмалаушылықтар болды. Соңғы жылдардың ішінде сапасы нашар, оқушыларға коммунистік тәрбие беру ісіне зиянды оқу кітаптары шығарылып келді.

Мұндай оқу кітаптарының ішінде Смаилов пен Жұмалиев жолдастардың қазақ мектептерінің 9-класына арналған қазақ әдебиеті оқу кітабі бар.

Тіл және әдебиет институтының басқа еңбектеріндегідей, бұл кітапта да XIX және XX ғасырлардың бірсыпыра әдебиет өкілдерінің еңбегіне көріне теріс, ғылымға қайшы баға берілген. Олардың бәрі де халықтың қамқорлары деп көрсетілген, олардың шығармаларындағы феодалдық реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар ашып көрсетілмеген. Авторлар сын көзімен карамай, XIX ғасырдың ақындарының бәрін демократтар қатарына апарып қоса салған, сөйтіп, ғылымға қайшы келетін өрескел қате істеген. Қазақ халқының бұрынғы тұрмысын дәріптеп, авторлар «жақсы, кең, сұлу жерлерге...еркін мекен етіп, көше қонын, қоныстап жүрген» деп жазған.

Революцияға дейін Қазақстанда «кең, сұлу жерлер» хандардың, байлардың, бектердің, ақсүйектердің қолында болғанын Смаилов пен Жұмалиев білмей ме? 1926 — 1927 жылдарда Қазақстанда егістік, пішендік жерлерді қайтадан бөлікке салу науқаны өткізілгені, бұл науқанның аса зор шаруашылық-саяси маңызы болғаны Смаилов пен Жұмалиевке мәлім емес пе? Бұл науқанның мәні бұл жолдастарға түсінікті емес пе? «Кең, сұлу жерлерге еркін мекен етіп» келген деп дәріптеп, ол жолдастар тым әрі сілтеп кеткен жоқ па?

Мұндай пікірлердің қателігі айқын, сондықтан, оны дәлелден жатудың хажеті жоқ.

XIX ғасырдың ақындарының, оның ішінде Мұрат ақынның, Дулат ақынның, Шортанбайдың және басқаларының шығармаларын тексергенде жоғарыда аталған оқу кітабының авторлары Смаилов пен Жұмалиев кейбір әдебиет зерттеушілерге еріп, ол дәуірді «зар заман» дәуірі деп атайды.

Бұл «теория» қате, әрі зиянды екенін мойындау хажет. XIX ғасырда, ол ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы оның алдындағы дәуірге карағанда сөзсіз алға басқаны жұрттың бәріне мәлім.

Ресейдің тарихындағы бұл дәуірді сөз қыла келіп, В. И. Ленин өзінің «Ресейде капитализмнің дамуы» деген тамаша еңбегінде былай деп жазды:



«Реформадан кейінгі дәуірдің ішінде кеңінен және тереңнен дамып келген, дамып отырған бұл процестердің бәрі капиталистік дамудың хажетті бір саласы болып табылады, әрі тұрмыстың ескі түрлеріне қарағанда, оның терең прогресшілдік маңызы бар». (В. И. Ленин, Шығармаларының 4-басылуы, III том, 509-бет).

Марксистік-лениндік ғылым жүйесінде зор маңызы бар ұлт мәселесін марксистік тұрғыдан талдауға арналған еңбектерінде Сталин жолдас та бұл пікірді талай рет қуаттап, ілгері дамытты.

1923 жылы БК(б)Пның XII съезі Сталин жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған қарарында былай деді:

«Капитализмнің дамуы өткен ғасырдың өзінде-ақ өндіріс және айырбас әдістерін интернационалдандыруға, ұлт томаға-тұйықтығын жоюға, халықтарды шаруашылық жағынан бір-біріне жақындастыруға, ұлан-байтақ кең жерлерді бірте-бірте біртұтас етіп біріктіруге бет алғанын көрсетті... Бұл процесс өндіріс күштерінің орасан өскендігін көрсеткендіктен, ұлт даралығын және әртүрлі халықтар мүдделерінің қарама-қарсылығын жоюға жеңілдік келтіргендіктен, ол прогресшіл процесс болды және болып қалады, өйткені, сол келешектегі дүние жүзілік социалистік шаруашылыққа алдын ала материалдық жағдай даярлайды».

Бұл айтылғандарға қарағанда Қазақстанда, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысында «зар заман» дәуірі болды деуге бола ма? Жоқ, олай деуге болмайды.

XIX ғасырдың ақыны Шортанбайдың поэмасының атымен аталған «Зар заман» өзінше бір әдеби ағым болды. Бұл ағымның өкілдері патша үкметінің отаршылдық саясатына қарсы халықтың наразылығын белгілі дәрежеде білдіре отырса да, қазақ ауылына капиталистік қатынастың енуіне қарсы болды, жалпы алғанда феодалдық-рушылық қалыпты дәріптеді.

«Зар заманның» мазмұны мен мәні шынында осындай.

Осындай ғылымға қайшы, зыянды тұрғыдан қарап Смаилов пен Жумалиев өздерінше айтқанда өткен заманның бірсыпыра «жаңа», «прогресшіл» қайраткерлерін архивтен тауып алыпты. Смаилов пен Жумалиев совет халқына зыянды, жат әдебиет ағымы — реакцияшыл романтиканың нағыз өкілі — акын Шангерей Бөкеевтің шығармаларын әдебиет оқу кітабына енгізген.

Шангерей қазақ әдебиеті тарихынан реакцияшыл көзқарастағы кертартпа ретінде орын алатыны көп адамдарға мәлім болу керек. Ол әдебиеттегі зыянды бағыттың негізін қалаушы болды, «көркем-өнер көркем өнер үшін» дегенді, мақсатсыз, мағнасыз көркем өнерді уағаздады, қазақ тұрмысында идеясыздықты, шірік тоғынарлықты уағыздады. Бөкеевтің 40 өлеңінің бәрі идеясыз, сарыуайымшыл болып келетіні осыдан. Оның өлеңдері совет әдебиетіне жат.

Жоғарыда аталған әдебиет оқу кітабының авторлары бізге қымбатты акын, келешектегі ұрпаққа үлгі болатын акын деп дәріптеген Шангерей Бөкеевтің шығармаларының кескіні, сыйқы қысқаша айтқанда, міне, осындай.

Контрреволюцияшыл байшыл-ұлтшыл «Алаш» партиясының қайраткерлерінің бірі, «Алашорданың» қазысы болған акын Омар Қарашевтің шығармаларын да Смаилов пен Жумалиев жолдастар оқу кітабына енгізген.

Қарашев бұрын ишан болған, Бөкей ордасында мешіт салдырып, мұсылман діншілдерінің ең жексұрын түрі — суфизмді уағаздаған. XX ғасырдың басынан бастап Қарашев бір жағынан әдебиетпен шұғылданды, бірсыпыра өлеңдер жыйнағын шығарды. Өлеңдерінде ол бұрынғы



феодалдық ауылды, байларды, Шыңғыс ханнан бастап, контрреволюцияшыл «Алашорда» партиясының басшысы Бөкейхановқа дейінгі хандарды дәріптейді. 1917 жылдан бастап Қарашев «Алашорданың» контрреволюциялық әрекетіне, оның съездерінің бәріне белсене қатысты. Өзінің әдеби қызметінде ол «Алашорданың» буржуазиялық-ұлтшылдық идеяларының жаршысы болды. Ұлы Октябрь революциясынан кейін Қарашев совет өкіметіне қарсы шықты. «Зыянды торғайлар» деген өлеңінде большевиктерді жаңа піскен егіннің, яғни февраль революциясының жеңісін жалмап жатқан торғайлар деп бейнеледі, бұл торғайларды қыруға автор өзінің «Тұрымтайын» жұмсады.

1917 жылдың аяқ шенінде, 1918 жылдың бас кезінде «Неден қорқам» деген өлеңінде өзінің революциядан қорқатынын білдіріп, Қарашев былай деп жазды:

«Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,  
Жауынсыз, құр желдеткен шаңнан қорқам,  
Таң туды, мезгіл жетті деп адасып,  
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам...  
Теңгеріп жарлы, байды құрып ұжмақ,  
Теп-тегіс жұртқа жеткен тойдан қорқам».

Оқу кітабының авторлары дәріптеген, коммунизмді қостады, советтік Қазақстанның гүлденуін арман етті, тағы басқа сондай деп көкке көтерген Қарашев «ақынның» кескіні, міне, осындай.

Оқу кітаптарын құрастырушылардың бәрі дерлік, дұрысын айтқанда, сол кітаптардың авторлары — Ғылым Академиясының қызметкерлері. Ол оқу кітаптарындағы зыянды материалдардың бірсыпырасы Ғылым Академиясы институтының еңбектеріне енгізілген. Олай болса, Академиядағы кейбір жолдастар осы оқу кітаптарындағы қателерге жауапты болғысы келмейтіні қалай? Институт — күрделі ғылыми мекеме. Сондықтан, ол оқу кітаптарында, әсіресе, әдебиет пен тіл жөніндегі кітаптарда жіберілген қателерге де жауапты болуға тиіс.

Тіл зерттеу саласында да көптеген елеулі хателер бар. Тіл және әдебиет институтының еңбектерінде, оның ішінде 1946 жылы шығарылған «Орысша — қазақша сөздікте» зор кемшіліктер, саяси өрескел қателер жіберілген. Мұндай қателер болуының негізгі себебі — терминдерді аударғанда белгілі бір принцип қолданылмаған, орыстың көп сөздері дәл аударылмай шамамен, бұрмаланып, кей жерінде тіпті былапыт аударылған.

Сөздікте өте-өте хажетті әлеуметтік-экономикалық көп терминдер жоқ, белгілі бір ғылымдардың тарихи, экономикалық, саяси маңызы түсіндірілмеген, тек тұрмыстағы маңызы ғана айтылған. Кейбір әлеуметтік-экономикалық терминдер көріне теріс түсіндірілген.

Біз «Орысша — қазақша сөздік» үлкен еңбек деп таныймыз, сондықтанда, Орталық Комитет онда жеке қателердің болуына жол бере алмайды.

Мұндай күрделі еңбектер жазуға көп уақыт керек болатынында дау жоқ. Алайда, біз баспаға даярланған және басылып шыққан еңбектерде ешқандай қате болмауға тиіс деп есептейміз.

1940 жылы, ғылыми мекемелер мен партия-совет орындарының көп еңбегі нәтижесінде, орыс графикасы негізінде қазақ тілінің жаңа әліппесі қабылданды. Мұның өзі қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің өркендеуіндегі зор табыс, жаңа кезең болды.

Сонан бері алты жыл өтті. Бірақ, тіл және әдебиет институты мен көрнекті тіл мамандары, қазақтың шын мәнінде Ұлы Октябрь революциясынан кейін ғана туған қазіргі әдеби тілін дамыта түсетін бірде-бір күрделі ғылыми еңбек шығарған емес. Сол себепті қазақ тілінің ем-



лосі мен терминдері жөнінде әлі күнге дейін бірсыпра шатақ болып келеді.

Бүгінгі заман тақырыптарынан, қазақтың қазіргі әдебиетінің күрделі мәселелерін шешуден бойды аулақ салу әдебиет пен көркем өнер саласындағы кейбір қайраткерлердің де, тіл және әдебиет институтының да өте елеулі қателерінің бірі болып табылады. Институт көбінесе өткен заман тақырыптарына көңіл бөліп келді. Ондағы күш-қаражаттын бәрі әдебиет пен тіл ғылымының тарихи мәселелерін зерттеуге жұмсалып келді деуге болады.

Сол себепті қазіргі қазақ әдебиетінің, әсіресе, Ұлы Октябрь революциясынан кейін өркендеген жазба әдебиеттің аса маңызды мәселелері мүлде зерттелмей келді. Қазақ әдебиетінің Советтер Одағындағы басқа халықтар әдебиетімен, ең алдымен орыс халқының әдебиетімен байланысы жайындағы мәселелер осы күнге дейін жеткілікті зерттелген жоқ. Советтік Қазақстан жасаған 27 жыл ішінде тіл және әдебиет институты, Қазақстанның бірде-бір әдебиет зерттеушісі түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің өркендеуіне озық орыс мәдениетінің, орыс әдебиетінің орасан күшті әсерін тигізгенін көрсетерлік бірде-бір күрделі монография шығармағаны кынжыларлық іс.

Біздің жазушыларымыз әлі күнге дейін совет тақырыбына жоғары идеялы, көркем, құнды шығармалар жазған жоқ. Жазушыларымыз бен ғылыми қайраткерлерімізге үйрететін ұстаз да, үйренетін өнеге де жоқ емес. Олар өздерінің ағалары — орыс жазушыларынан, орыс білімпаздырынан үлгі алуы керек. Мәселен, Фадеевтің «Жас гвардия» романын, Катаевтың «Полк баласы» повестін, Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмасын, Чирсковтың «Жеңімпаздар» пьесасын, Сталиндік сыйлық алған осындай шығармаларды үлгі ете алады. Бұл шығармаларда совет адамдарының идеялық-моральдық бейнесі, совет адамына игі қасиеттерді үйретіп, өсіруде Ленин — Сталин партиясының, совет мемлекетінің істеген ісі көркем сөздермен тамаша суреттелген.

Совет елінің тұрмысы жайында құнды шығармалар жазбай, бізге тек өткен заман туралы, оның үстіне бірсыпра реттерде байларды, хандар мен билерді дәріптеген саяси зор қателері бар шығармалар жазған кейбір жазушылар мұны біліп істесе де, білмей істесе де, бәрібір көптеген талқандалған жергілікті ұлтшылдықтың қайтадан жандануына жол ашады.

Біз жергілікті ұлтшылдықтың ешбір түріне жол бермейміз, өткен дәуірімізді, қазіргі дақты дәуірімізді бұрмалаушылыққа қарсы большевиктік қажырлылықпен күресіп, марксистік-лениндік ғылымды таза сақтаймыз. Сайып келгенде бұл біздің негізгі міндетіміз. Мұны біздің жолдастар жақсы түсінулері керек.

Тіл және әдебиет институты мен оның жеке қызметкерлерінің мұндай қателер мен бұрмалаушылыққа жол беруінің себебі не? Мұның себебі — тіл және әдебиет институты, оның ғылыми қызметкерлері бірсыпра реттерде өткен замандағы көзқарастардың прогресшілдік жақтары мен реакцияшылдық жақтарын айыра білмеді, әдебиет пен ғылымның партиялылығы туралы партиямыздың нұсқауын ұмытты. Олар Ленинің мынадай нұсқауын естен шығарды:

«...біз әрбір ұлттық мәдениеттен тек оның демократиялық және социалистік тектерін аламыз, оларды тек және сөзсіз әрбір ұлттың, буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарсы қою үшін аламыз» (В. И. Ленин Шығармалары, XVII том, 137-бет).

Тіл және әдебиет институты қазақ әдебиетінің туу, өсу тарихын түсіндіргенде, марксистік-лениндік ғылым бойынша дәлелдеп түсіндіре



алмады, революцияға дейінгі Қазақстанның қоғамдық ой-пікірінің дамуында әдебиеттің маңызы мен әлеуметтік негізін көрсете алмады. Институт өзінің жұмысында марксистікке жатпайтын, олай болса, ғылымға жат, зиянды методологияны қолданды.

Тіл және әдебиет институтының кейбір ғылыми қызметкерлері бірден бір дұрыс марксистік тұрғыдан ауа жайылып, әдебиеттегі құбылыстардың бәрін өз уақытымен, өз орнымен зерттемей, қоғам турмысының материялық жағдайларына байланыссыз тексерді, мұның өзі өткен замандағы әдебиет өкілдерінің бәрін дерлік дәріптеуге әкеліп соқты.

Тіл және әдебиет институты, оның ғылыми қызметкерлері тарихи мәселелерге әуестеніп, қазіргі заманның тақырыптарын елеусіз қалдырды. Ал, кейбір ғылыми қызметкерлер совет заманы әдебиетінің жеке мәселелерін баяндағанда, көбінесе, қазақ халқының дәстүрлерін сөз қылады. Негізгі мәселе ол емес. Біздің адал ниетті, ақ пейіл, қажырлы қазақ халқы социалистік қоғам орнату жолындағы күрес пен еңбекте өзінің борышын аброймен орындап келеді.

Революциядан көп бұрын ұлы орыс халқымен бірге өмір сүргенін, онымен қол ұстасып өздерінің жауына қарсы күрескенін, орыс халқының өзінің ағасы деп тапығанын, ұлы орыс халқының көмегімен совет өкіметін нығайту, Ұлы Октябрь социалистік революциясының табыстарын баянды ету үшін күрескенін, ұлы орыс халқы бастаған тең праволы совет халықтары қатарында Ленин — Сталин партиясының басшылығымен жаңа коммунистік қоғам орнатуға ат салысып отырғанын қазақ халқы зор бақыт деп есептейді. (Қ о л ш а п а л а қ т а у).

Қазақстанның әрбір жазушысының, әрбір білімпазының тақырыбы да, мақсаты да осы болу керек. Кімде-кім мұның бәрін жалпы жұртқа әйгілеп айтып отырмаса, кімде-кім өз өмірін осы игілікті іске арнама-са ол даңқты тарихымыз алдында қылмыс жасайды, оны қазақ халқы қадірлемейді, оны Қазақстанның партия ұйымы сүйемейді.

Біздің көп әдебиетшілеріміз, ғылыми қызметкерлеріміз өткен заманның мұрасына сын көзімен қарамайды, оның прогресшілдік жағын реакцияшылдық жағынан айырмайды, өткен заманға тән нәрсенің бәріне сүйсіне қояды.

Тіл және әдебиет институтында қызметкерлерге большевиктік қатты талап қойылмай, ымырашылдық етек алды, мұның өз ғылыми жұмыстың дәрежесінің едәуір төмендеуіне әкеліп соқты. Сол себепті ғылыми жағынан қате, көркемдік жағынан құны аз шығармалар екінің бірінде дәріптеліп келді.

Тіл және әдебиет институтының жұмысында мұндай қателер болуының тағы бір себебі — институтта большевиктік сын мен өзара сынды күшейтерлік қолайлы жағдай болмаған, оның орнына тамыр-таныстық, көңіл жақындық өріс алған.

Институттың басшылары мен ғылыми қызметкерлері Сталин жолдас-тың сын және өзара сын туралы нұсқауларын қолданып отырмады. Жданов жолдас бұл мәселе жайында Ленинград партия ұйымының активінде жасаған баяндамасында былай деді:

«Сталин жолдас бізге егер біз кадрларды сақтағымыз келсе, оларды үйретіп, тәрбиелегіміз келсе, біреулердің көңілін қалдырамыз деп қорықпауымыз керек екенін, принципті, батыл, ашық және әділ сыннан қорықпауымыз керек екенін үйретіп келеді...Тек батыл және ашық сын ғана біздің адамдарымыздың жетіле беруіне көмектеседі, оларды алға ұмтылдырады, өз жұмысындағы кемшіліктерді жоюға жұмылдырады. Сын жоқ жерде тұйықтық, тұралау орын тебеді, ондай жерде алға, басуға жол қалмайды».



«Кімде-кім өз жұмысының сыналуынан қорқатын болса, оның жексұрын су жүрек болғаны, халықтың қадірлеуіне тұрмайтын адам болғаны».

Бұл нұсқауларды күнбе-күнгі жұмысымызда қолданып отыруымыз керек.

Тіл және әдебиет институтында мұндай қателер болуына, сөз жоқ, Қазақ ССР Ғылым Академиясының басшылары да, оның ішінде Сәтбаев, Кеңесбаев, Сауранбаев, Әуезов жолдастар да айыпты. Бұл жолдастар қателерді кезінде аша білмеді, большевиктік қорытындылар шығарып институттың жұмысына дұрыс бағыт көрсете білмеді.

Кеңесбаев пен Әуезов жолдастар ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысында атап көрсетілген қатесі бар диссертацияларға жақсы баға беріп келген.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысынан кейін Сәтбаев, Кеңесбаев, Сауранбаев және Әуезов жолдастар қателерді түзетуге кірісті, бірақ, бұл идеология майданында істелуге тиісті көп жұмыстың бас тамасы ғана.

Тіл және әдебиет институты өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында мұндай қателер жібермеуіне болатын ба еді? Мұндай қателеспеуіне оның тиісті жағдайы бар ма еді?

Я, бар еді. Біріншіден, ең маңызды жағдай—біздің қоғам тұрмысының теориясын, сол сыяқты тәжірибесін түсінудің кілтін қолға ұстайтын марксизм-ленинизм ғылымы бар еді. Институттың да, сол сыяқты оның ғылыми қызметкерлерінің де негізгі қатесі — олар өздерінің күнбе-күнгі жұмысында марксизм-ленинизмнің негізгі қағидаларын қолданып отырмады.

БК(б)П Орталық Комитетінің соңғы жылдардағы «XVIII ғасырдың аяқ шеніндегі және XIX ғасырдың бас кезіндегі неміс философиясының тарихын баяндаудағы кемшіліктер мен қателер туралы», «Татар партия ұйымының көпшілік-саяси, идеологиялық жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы», «Башқұрт партия ұйымының үгіт-пропаганда жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулылары, ақырында, ҚК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР тарихын» екінші рет бастыруға даярлау туралы» қаулысы институттың өз жұмысында қолдануына аса маңызды жол-басшылық құралы еді. Солай бола тұрса да тіл және әдебиет институты, оның ғылыми қызметкерлері бұл қаулылардан өздерінің күнбе-күнгі жұмысы үшін тиісті қорытындылар шығармады.

Қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихын зерттеу ісіндегі идеологиялық қателер көп ғылыми қызметкерлерге талай рет айтылып, ескертілді. Бірақ, олар бұл ескертулерден тиісті қорытынды шығармады. Мұның өзі олардың саяси елеулі қателер жасауына әкеліп соқты.

Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы ірі-ірі саяси қателерді түзету мақсатымен, Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті қаулы алып, онда институттың алдында тұрған негізгі міндеттерді атап көрсетті.

Қорытындыда мынаны айтқым келеді:

Кейбір жолдастар ҚК(б)П Орталық Комитеті қатты кеткен жоқ па? Қатаң қаулы қабылдаған жоқ па? дегенді айтады. Мұндай әңгіме істің мәніне жете түсінбегендіктен туады. Бұл жолдастарға Жданов жолдастың айтқанын ескертуге тура келеді. Жданов жолдас «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы баяндамасында былай деді:

«Орталық Комитет әдебиет мәселесі жөнінде пеліктен мұндай қатаң шаралар қолданды? Бұл кейбіреулерге ерсі көрінуі мүмкін.



Біздерілер мұндайға дағдыланған емес. Жұрт егер өндірісте бракка жол берілсе немесе көпшілік қолды бұйым шығару жөніндегі өндіріс программа орындалмай келсе, немесе ағаш дайындау жоспары орындалмай қалса, бұл үшін сөгіс жариялаудың орны бар, ал, егер адам жапын тәрбиелеу жөнінде брак кездессе, егер жастарды тәрбиелеу ісінде бракка жол берілсе бұған төзуге де болады дей біледі. Ал дұрысын айтқанда, осының өзі өндірістік программаны немесе өндірістік тапсырманы орындаудан әлдеқайда басым күнә емес пе? Орталық Комитет өз қаулысында идеологиялық майданды біздің жұмысымыздың барлық басқа салаларының дәрежесіне жеткізуді көздеп отыр».

Кейбір жолдастар ҚК(б)П Орталық Комитеті Қазақ ССР Ғылым Академиясына ауыр айып тақты дегенді айтады. Мұндай әңгімелер табан жолынан арғы жерді көрмейтін, ғылымға ешқандай қатысы жоқ қызметкерлер арасынан шығады.

ҚК(б)П Орталық Комитеті мұндай қаулы қабылдап, жас академиямызға зор көмек көрсетіп отыр.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы республикамыздағы ғылыми жұмыстың ордасын, оның Ленин — Сталин партиясы ісіне шын берілген, сыннан өткен ғылыми қызметкерлерін жат ықпалдан сақтауды көздейді. ҚК(б)П Орталық Комитеті кімнің болса да біздің академияны орынсыз айыптауына жол бермейді, оған жемісті қызмет етуге әрдайым көмектесіп отырады.

Біз диссертация қорғаушылардың оппоненттеріне қатаң талаптар қоямыз. Олар диссертация еңбектерін тексергенде марксистік-лениндік ғылым тұрғысынан қарап, диссертация қорғаушы жолдастардың белгілі бір мәселе жөніндегі қателерін большевикше түзетулері керек.

Бірақ, мен жолдастарға диссертация еңбектерін көп уақыт ұстап, кешіктіріп, ғылым кадрларының өсуіне бөгет жасаудан сақтану керектігін ескерте кетемін.

ҚК(б)П Орталық Комитеті кейбір сыншылардың қазақ халқының өткендегісінің бәрін жоққа шығаруы дұрыс емес деп табады. Қазақ халқының қоғамдық санасының қалыптануына көмектескен өткендегі бірде-бір прогресшіл қайраткерді кімнің болса да тарихтан шығарып тастауына біз жол бермейміз. Өткен замандағы қайраткерлердің творчествосын марксистік-лениндік ғылыми методология тұрғысынан қарап зерттеу керек.

Совет жазушылары одағының, Кинематография Министрлігінің жұмысын, театрлардың репертуарларын толық зерттеп тексеруді ҚК(б)П Орталық Комитеті өзінің таяудағы міндеті деп санайды.

**Жолдастар!**

Коммунист партиясы бастаған совет халқы ССР Одағының халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің бесжылдық жоспарының ұлы міндеттерін орындауда. Идеология майданының әрбір қызметкері бұл бүкіл халық күресінен өзіне лайықты орын алуы керек, өйткені алдымызда тұрған ұлы міндеттердің орындалуы идеялық-теориялық және партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болуына, идеология жұмысының барлық құралдарын халқымызды тәрбиелеу ісіне пайдалана білуімізге байланысты.

Ұлы Октябрь революциясы нәтижесінде ұлы орыс халқының көмегімен қазақ халқы орта ғасырлық қалыптан тура социализмге аттап өткенін, өзінің тарихи дамуында шет елдерді және олардың халықтарын басып озғанын біздің әдебиетшілеріміз, білімпаздарымыз жақсы түсінулері керек. Лениндік-сталиндік ұлт саясаты қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің өркендеуін қамтамасыз етті.



Социалистік Отанымыз халықтарының мәдениеті мен экономикасының бұған дейін болып көрмеген дәрежеде өркендеуін партиямыздың саясатын дұрыс жүзеге асырғанда ғана қамтамасыз ете аламыз.

Ленин — Сталин партиясы біздің интеллигенциямызды партиямыздың және мемлекетіміздің саясатына шексіз шын берілгендік рухта, большевиктік идеяшылдық рухта, жат идеологияға жол бермеу рухында тәрбиелеп келеді. Сол себепті де қазір жұртшылығымыз, алдыңғы қатарлы интеллигенциямыз идеясыздыққа, саясаттан тыс қалушылыққа, қандай да болса кертартпа көзқарастарға батыл қарсы шығуда. Ғылымдағы надандыққа, совет адамдарын тәрбиелеу ісіндегі кемшіліктерге біздің интеллигенция төзіп отырмайды. Біздің интеллигенция жоғары дәрежелі идеялық үшін, ғылымды бұрынғыдан да өркендете беру үшін қажырлылықпен күреседі. (Қ о л ш а п а л а қ т а у).

Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті, барлық ғылымдардың темір қазығы — ленинизм ғылымын меңгерген совет интеллигенциясы ұлы социалистік отанымыздың еңбекшілерін коммунистік рухта тәрбиелеу ісінде біздің большевиктер партиясына өздерінің қажырлы адал еңбегімен аянбай көмек көрсетеді деп сенеді. (Қ о л ш а п а л а қ т а у).



# И. В. Сталин шығармаларының екінші томы

## Л. ОЛЕНИН

И. В. Сталин шығармаларының екінші томына кірген еңбектер көбінесе 1907 жылдың екінші жартысынан бастап, 1913 жылға дейін жазылған болатын. Мұнда, ең бастысы сол, Сталин жолдастың революциялық еңбегінің екі дәуірі — Бакудегі және Петербургтегі дәуірлер қамтылған.

Бұл кез, — революцияның жеңілген қыйыншылық жағдайында, онан кейін революцияның жаңадан өрлеуі жағдайында, большевиктердің ауыр сындардан аброймен өту үшін, партия мен халықты патша мен буржуазияға қарсы болашақ тайсалмас шабуылға әзірлеу үшін мейлінше ұстамды, ұйымшыл және теориялық жағынан көреген болуға өте-мөте тиісті жылдары еді.

Сталин жолдастың екінші томға кірген шығармалары — сол большевиктердің революциялық партияны аман сақтау және нығайту үшін, оны бөлек марксистік партия етіп құру үшін, пролетариатты халық революциясының көсемі, гегемоны ету үшін меньшевиктерге, ликвидаторларға (ыдыратқыштарға) қарсы жүргізген күресінің айнасы.

Сталин жолдас өзінің шығармаларында революцияның дамуындағы диалектиканы, соған байланысты сол тарихи дәуірдің ішінде партияның тактикалық жоспарлары мен ұрандарын алмастырудың диалектикасын өте терең көрсетеді.

И. В. Сталин шығармаларының екінші томына Сталин жолдастың «Марксизм және ұлт мәселесі» дейтін көрнекті еңбегі кіреді. Бұл еңбекте асқан шеберлікпен маркстік-лениндік ұлт теориясы дамытылып, ұлт мәселесі жөніндегі большевиктік программа берілген.

\* \* \*

Сталин жолдастың шығармаларының екінші томына енгізілген еңбектердің біразы 1907 жылдың бірінші жартысына жатады. Бұлар 1905 жылдың революциясын, оның қозғаушы күштерін талдауға, бірінші орыс революциясындағы большевиктердің тактикасы мен пролетариаттың көсемдігі туралы мәселеге арналған.

Бұл мәселелер екінші томның бас жағындағы Сталин жолдастың бірінші мақаласында, «К. Каутскийдің «Орыс революциясының қозғаушы күштері және болашағы» деген кітапшасының грузинше басылуына алғысөз» деп аталатын еңбегінде, мейлінше айқын және большевиктік жалынды жігермен айтылады.

«К. Каутскийдің «Орыс революциясының қозғаушы күштері және болашағы» деген кітапшаның грузинше басылуына алғысөзінде» (И. В. Сталин шығармаларының II томы, 1 — 13 беттері) Сталин жолдас бірінші орыс революциясындағы ақиқат таптық қайшылықтарды, революцияның жеңісін қамтамасыз ететін күштерді Марксше жете талдайды.



Сталин жолдас өзінің еңбектерінде халық революциясының жеңуі пролетариаттың қаншалық революцияны бастап көсемдігін жүргізе алуына, оның қаншалық либерал буржуазияны бөліп тастай алуына, сөйтіп халық революциясының толық және дәйекті жеңісіне қарай шаруаларды көтеріп, беттетуіне тікелей байланысты екенін дәлелдеген.

Сталин жолдас Ресей пролетариатын бұл міндетті, — халық революциясының көсемі, гегемоны болу міндетін атқара алады деп санаған.

«Біздегі пролетариат оған қарағанда анағұрлым саналы, анағұрлым ұйымдасқан күш, соның нәтижесінде ол қазірде буржуазияға шылау болу роліне қанағаттана алмайды, сондықтан аса революцияшыл тап ретінде өз заманындағы қозғалысқа басшы болады. Пролетариат гегемониясы дегеніміз—утопия емес, ол—нақты факт, пролетариат наразы элементтерді іс жүзінде өз төңрегінә біріктіреді. Сондықтан кімде кім «буржуазиялық оппозицияға еру керек» деп пролетариатқа ақыл айтса, ондай адам пролетариатты дербестіктен айырады, ондай адам Россия пролетариатын буржуазияның қолшоқпарына айналдырады» — деп жазған Сталин жолдас. (Шығ., II т., 3-бетте).

Бұл — пролетариат партиясының стратегиялық және тактикалық міндеттерін туғызатын бірінші орыс революциясының ұлттық ерекшеліктері мен тарихи жағдайларын Сталин жолдас жасап берген ғылыми маркстік талдау еді. Бұған керісінше, Плеханов, Мартынов бастаған меньшевиктер басы ашық Ресей шындығын мүлде баса-көктеді; революцияның буржуазиялық сыйпаты туралы көпірген сөздерге, Батыстың буржуазиялық революцияларына ұқсатқан қысыр әңгімелерге сүйенді; Пролетариат күшін буржуазияға, оның партиясын—кадеттерге бағындыру үшін жанын салды; меньшевиктер кадеттермен келісу әдісін жалғыз ғана мүмкін әдіс деп қарады.

Плеханов пен Васильев дейтін тағы бір меньшевик екеуі РСДЖП-ны кадеттерге уақытша қосып жіберу керек; «Әмірі үлкен Дума» соның платформасы болсын деп те ұсынды. Малишевский, Череванин, Мартов, Мартынов сыяқты меньшевиктер басқа түрге салып осы әнді қайталады—тап тартысы мақсатының орнына буржуазиямен бірге патшаға қарсы жалпы күрес мақсатын бетке ұстады, Дума т. б. сыяқты, «уәкілді белді мекемелердің» мәнін көтере дөріштеді.

Меньшевиктердің осы сыяқты барлық жалтбергіш, екіжүзді теориялары мен әрекеттеріне қарсы И. В. Сталин қатты күрес жүргізді.

Сталин жолдас меньшевиктердің 1905-жылғы орыс революциясын XVIII-ғасырдың аяғымен XIX-ғасырдың орта кезіндегі Батыс революцияларына ұқсатуларын — маркстілдікке, ғылымға қарсы пікір деп көрсетті.

Бірінші орыс революциясы кезіндегі таптардың өзінің қоғамдық ролі жағынан, партияларының ұйымдасқан және ықпалын жүргізу дәрежесінен батыс-европа революцияларының кезінде қыймылдаған таптар мен партиялардың роліне ұқсастығы аз еді. Батыс Европа революцияларындағы пролетариат әлсіз, аз, өз партиясы жоқ еді. Буржуазия болса — өзіне жұмысшылар мен шаруаларды сендірерлік, оларды ақсүйек-аристократтарға қарсы күреске алып шығарлықтай революцияшыл болатын.

Ресейде, керісінше, буржуазияға қарағанда пролетариат, өз алдына бір кіндікке топталған партиясы бар, саны көп, ұйымшыл класс еді. Оның үстіне орыс буржуазиясы пролетариаттың революцияшылдығынан қатты сескеніп, үкметпен және алпауыттармен ымыраласып кетті?

«Пролетариат күресіп жатыр, буржуазия үкметпен одақтасып отыр» — деген мақаласында Сталин жолдас буржуазия батыс Европа революцияларының өзінде де бірдей роль ойнаған жоқ — 1789-жыл-



ғы француз буржуазиясына қарағанда, 1848 жылғы пруссия буржуазиясы төменгі қараларды қорқытып-үркітіп, төрелермен, «жоғарғы өкметпен» ауыз жаласқан революцияның душпаны болып еді деп көрсетті.

«Қазір, орыс революциясының жағдайында, бізде де осы секілді нәрсе байқалып отыр.

Әлгіме мынада: 1789 жылғы француз буржуазиясынан біздің буржуазия да өзгеше. Біздің либералдық буржуазия жұмысшылар мен шаруаларға қарсы, «жоғарғы өкметпен келісімге келетінін» неміс буржуазиясынан гөрі тезірек және анағұрлым ашық айтты». (Шығ., II-т., 23-б).

Әрі кертартпа саясатты ұстаған, әрі пролетариаттың санасы мен ұйымдасуы өлшеусіз өскен кезде, 1789 және 1848 жылдардағы буржуазиялық революциялардағы пролетариаттың ролімен салыстыруға келмейтіндей дәрежеде өскен кезде, саяси майданға шыққан орыс буржуазиясы пролетариатқа басшы бола алмайды. Соңынан халықты ерте алатын, революцияға көсем бола алатын — тек пролетариат қана. Ол буржуазияға құйыршық болуды місе тұспайды. Әмірші патшалыққа қарсы күреске сан миллион шаруалар табын тек пролетариат қана соңына ертіп шыға алады. «Революцияның жеңуі дегеніміз пролетариат пен шаруалардың диктатурасы болып шығады». (Сталин, Шығ., II-т., 10-б.).

Шаруаларды буржуазиядан бөліп алу үшін большевиктер партиясы кадеттермен (айырып айтқанда, Мемлекет Думаларының төртеуінде де) нағыз бітімсіз күрес жүргізді. «Кадеттер билей ме әлде халық билей ме?», «Петербургтегі сайлау тартысы және меньшевиктер», «Біздің Кавказдағы қалжықбастар», «Думаның қуылуы және пролетариаттың міндеттері» деген мақалаларында Сталин жолдас кадеттердің талмастан бетпердесін жұлып, сатып кеткіш ролін, қарабет екенін айгіледі. Кадеттер — буржуазияның либерал-монархияшыл партиясы, патшалықтың ең қатерлі әлеуметтік тірегі, соның оң көзі.

Сталин жолдас «Думаның қуылуы және пролетариаттың міндеттері» деген мақаласында екінші Дума арқылы патша шаруалармен байланыс жасауға, жоларды үкметтің одақтасы етіп алуға тырысты деп көрсетті. Осы мақсатпен үкмет либерал буржуазияның көмегі тие ме деп еді. Бірақ үкмет шаруа депутаттарды либералдардың төңірегіне топтай алмады. Шаруа депутаттар, керісінше, жұмысшы депутаттардың айналасына топталуды үдетті.

Думаны қуып жібергені де осыдан еді. Кадет партиясы, өз төңірегіне шаруаларды топтай қоюдың сәті келмейтінін түсініп, Дума қуылғаннан кейін Столыпиншілдықпен бұрынғыдан бетер қоян қолтық адысын одақтаса түсті.

«Патша өкметіне және либералдық буржуазияға қарсы тек шаруалармен одақтасып, революцияның негізгі мәселелерін шешуге болады... Опасыз либералдық буржуазияға қарсы соғыс жүргізіп, шаруалармен берік одақ жасасу керек — екінші Думаның қуылуы бізге міне осыны айтып отыр» — деп жазды И. В. Сталин жолдас. (Шығ., II-т., 44—45-б.).

Большевиктердің тактикасына қарама-қарсы, меньшевиктер кадеттермен жақындасу, кадеттерді қолдау тактикасын жүргізді. Сталин жолдас пролетариаттың алдына екі тактика: кадеттермен келісу тактикасы және кадеттерге қарсы күрес жүргізу тактикасын ұсынуға өміс болды. — деп көрсетті. (Шығ., II-т., 16-б.).

Меньшевиктер Құрылтай жыйналысы мен демократиялық республика — ұйыққа мінетін жүк, ең керемі — Дума мен кадет министрлігі деп мәлімдеді.

Меньшевиктер алуан түрлі құбылып, «Черносотендардың қауыпы»



бар, оған қарсы күресу үшін кадеттерді қолдамасандар—болмайды деп қорқытты пролетариатты.

Сталин жолдас меньшевиктердің бұл тезисін, бұл желісін, сықақтай келіп, нағыз шын қауып — «кадеттер қауыпы» деп көрсетті. Меньшевиктерге қарай айтып: «Ендігәрі естерінде болсын, либералшыл жолдастар: пролетариат неғұрлым саналы түрде күрессе, буржуазия соғұрлым контрреволюцияшыл бола береді» — деп жазды И. В. Сталин. (Шығ., II-т., 41-б.).

Демократиялық революция үшін, патшалықты құлату үшін күрестің стратегиялық дәуірінің бәрінде де большевиктер осы тактиканы бұлжытпай жүргізді.

\* \*

Сталин жолдастың үшінші июнь төңкерісінен кейін, көбінесе Бакуде жазған шығармалары большевиктердің құпия революцияшыл маркстік партияны аман сақтау және нығайту үшін меньшевик, ликвидаторлармен күресіп, революцияшыл жұмысшы қозғалысы мен кәсіпшілер одақтарына басшылық ету мәселелерін айтады.

Екінші томға енгізіліп отырған И. В. Сталиннің бұл дәуірдегі мақалалары «Бакинский пролетариат», «Гудок» және «Социал-демократ» газеттеріне басылғанды.

Үшінші июнь революциясынан — (16 — 3 июнь, 1907 жылы екінші Мемлекеттік Дума қуылғаннан) кейін орнаған революцияшыл күрестің бәсеңдеген контрреволюция жылдары — орыс революциясының тарихындағы, Ресейлік жұмысшы қозғалысы мен РСДЖПның даму жолындағы кілт бұрылыс, ауыр дағдарыс дәуірі болды.

Буржуазиялық революция жылдарында партияға келіп қосылған жолбикелер, пролетариат тактикасын уғуға зейіні аз, контрреволюцияның шабуылы дәуірінде табандылығы аз адамдар, алыстай-алыстай көпе-көріне либералдарға кетіп қалды.

Революциядан айну, жұмысшы табын хақыларың мен мүдделерінді конституциялы буржуалы-монархиялық құрылысқа сүйеніп қорғандар деп шақыру, құпия партиядан бастарту және столыпиндік социал-демократияны құру — міне меньшевиктердің қызмет программасы осылар болды.

Тек большевиктер партиясы ғана ғылыми маркстік талдауға сүйеніп, 1905-жылдың революциясын туғызған экономикалық және саяси өмірдің негізгі фактылары әлі де бар, революцияның толғағы тағы да әлі күшейеді деп көрсетті.

Тап күштерінің арасын қатал ғылыми талдау әдісімен салмақтай білу, революцияға шын берілген ұлы мақаббат, жұмысшы табына сарқылмас сенім — міне осы қасиеттердің бәрі большевиктер партиясына үлкен күш берді. Ол күшті ешқандай кертартпа мызғыта алған жоқ.

Сталин жолдас, екі жүзді опасыз, революцияның ренегаттары — меньшевиктерге аяусыз соққы бере отырып, партияның амандығы және нығаюы үшін талмастан күрес жүргізді. Бұл міндетті орындау үшін ликвидаторлықтың екі түрімен де — оң жақтағы және сол жақтағы ликвидаторлықпен де — нағыз бітімсіз күрес жүргізу шарт еді.

«Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының Лондон съезі» (Делегаттық жазбалары) деген еңбегінде Сталин жолдас съезде жұмысшы делегаттардың көпшілік бөлегі большевиктердің төңірегіне қалай топталғанын, негізгі келелі мәселелердің бәрінен оппортунист меньшевиктерді большевиктер жолының қалай жеңгенін көрсетеді.

Лондон съезі революцияшыл социал-демократияның жеңісін жыйнақтады, оның тактикасын қабылдады, бүкіл Ресейдің алдыңғы қа-



тарлы жұмысшыларын революцияшыл социал-демократияның туы астына бүкілресейлік бір-ақ партия ғып, қолма-қол біріктірді.

«Ендігі жерде партия социалистік пролетариаттың бұлжымас таптық саясатын жүргізетін болады. Пролетариаттың қызыл туы ендігәрі либерализм ділмарларының алдында иілмейтін болады. Пролетариатқа жараспайтын интеллигенттік тұрлаусыздыққа өлтіре соққы берілді» — деп жазды И. В. Сталин. (Шығ., II-т., 47-б.).

Сталин жолдас өзінің «Делегаттың жазбалары» дегенінде меньшевизмнің ұсақ буржуазиялық таптық жаратылысын әшкерелейді.

Съездің большевиктік бөлегі — Петербург, Москва, Орал, Иваново-Вознесенск, Польша сыяқты ірі өнеркәсіпті аудандардан келген жұмысшылардан болды. Бұған қарағанда меньшевик делегаттардың көп тобы негізінен шаруалы және қолөнерлі аудандардан келген еді.

Түбірлі мәселелерді дауысқа салғанда съездің большевиктік бөлегінің маңына Польша мен Латыш РСДЖПыларынан келген жұмысшы делегаттардың дені топтала қалды. Бұл туралы Сталин жолдас былай деп жазды:

«Сірә, большевиктердің тактикасы ірі өнеркәсіптегі пролетарлардың тактикасы, тап қайшылықтары өте-мөте шиеленісіп, тап күресі өте-мөте қызу жүргізілетін аудандардың тактикасы екендігі айқын болар. Большевизм — мұның өзі нағыз пролетарлардың тактикасы.

Екінші жағынан, бұдан кем емес тағы бір айқын нәрсе: меньшевиктердің тактикасы әсресе қолөнеркәсібі жұмысшылары мен шаруалардан шыққан шала пролетарлардың тактикасы, тап қайшылықтары онша шиеленіспеген және тап күресі бүркеулі жатқан аудандардың тактикасы. Большевизм — мұның өзі пролетариаттың шала буржуазиялық элементерінің тактикасы» — деп жазды. (Шығ., II-т., 49—50-б.).

РСДЖПның Лондон съезінде 1905 жылғы революцияның тәжірибесі туралы және сол тәжірибеден шыға отырып, революцияны дамытудың келешек жолдары туралы мәселе жаңадан көтерілді.

1905 — 1907 жылдардағы бұқара күресінің тәжірибесі бекіткен большевиктік тактиканың мүлтіксіз дұрыс екенін Ленин, Сталин, большевиктер үсті-үстіне көрсетті.

Бірінші орыс революциясының жеңілгені міндеттердің алжас екенін, қолданылған құралдар мен әдістердің қателігін емес; жыйналған күштің жеткіліксіз екенін, революция дағдарысының саяз және кең емес екенін білдірді.

Алайда буржуазиялық революция әлі біткен жоқ деп көрсетіп отырды Сталин жолдас. Самодержавие, әмірлі патшалық, жаңғыртылған буржуазиялық монархияның жаңаша жолдарына түсіп, буржуазиялық аграр (жер-су) саясатымен, үшінші Дума т. б. лармен сылтауратып, революцияның дамуын бөгеуге тырысады. Бірақ мұның бәрі құрам тер, босқа әуре. Шешілмеген буржуалы-демократиялық міндеттер тұрған жерде революция дағдарысы келмей кетпек емес.

Ресейдегі буржуазиялы-демократиялық революцияның міндеттері жөніндегі пролетариат партиясының негізгі ұстаған жолы: шаруалар бұқарасына басшылық ету, оларды кертартпаға бейім кадеттер партиясының ықпалынан айырып алу, туралы көзқарасы бұлжымай қалды.

Социалистік пролетариат біздің революцияның жалғыз ғана көсемі болу саналады.

«Орыс пролетариатын онша әлсіз деуге болмайды: ол енді бірнеше жылдар бойы, өзінің таптық талаптарын ұсына отырып, өз алдына дербес қыймыл көрсетіп келеді; ол өзінің мүдделерін түсінерліктей, таптық сана-сезіммен жеткілікті түрде қаруланған; ол өзінің партиясына нық біріккен; оның Россияда аса мықты партиясы бар, ол партияның өз программасы және тактикалық — ұйымдастыру принци-



тері бар; осы партияның басшылығы арқасында ол қазіргі өзінде-ақ буржуазияға қарсы күресте бірқатар тамаша жетістіктерге жетіп отыр... Осы жағдайларда біздің пролетариат либералдық буржуазияға қуыршық болу роліне, сол буржуазияның қолындағы мылқау құрал болу роліне қанағат ете ала ма? Ол осы буржуазияны өзінің көсемі етіп, соның соңына ере ала ма? Ол революцияның көсемі болмай қала ала ма? — деп жазды И. В. Сталин (Шығ., II-т., 61-62).

Сөйткен революцияшыл пролетариат, өз маңына революцияшыл шаруалар бұқарасын жыинап отырып, патшалыққа, сонымен бірге либерал буржуазияға да, соққы береді.

Сондықтан да пролетариаттікі емес партиялармен қарым-қатынас мәселесі; кіммен жүру, кімді уру мәселесі — революцияның ең бір маңызды мәселесі болды.

Буржуазиялық ой-сананың құлдары, пролетариатты кадеттермен, либерал буржуазиямен одақ бол деп қолынан тартқан меньшевиктердің тактикасына қарсы Сталин жолдас мынаны айтты: Буржуазиялық партияларға біздің көзқарасымыз: пролетариатты басшы етіп, революцияшыл шаруалармен бірлесіп патшашылдыққа және либералдық буржуазияға қарсы шығу керек деген қағыйда бойынша белгіленуге тиіс. Осыдан — кадеттік буржуазияның гегемониясына (жетекшілігіне) қарсы күрестің қажеттігі, демек, кадеттермен ымыраласудың сорақшы екендігі келіп туады. Большевиктердің пікірі міне осындай (Шығ., II-т., 63-64). Лондон съезінде осы бағыт жетіп шықты. Пролетариат шаруалардың революцияшыл бөлектерін осы рухтан аумай тәрбиелеу оларды екінші орыс революциясына әзірледі және келешекте социалистік революцияға аяқ басудың мүмкіндігін қамтамасыз етті.

«Делегаттың жазбалары» деген мақаласында Сталин жолдас меньшевиктердің жұмысшы съезі деген бірденені шақырайық дейтін ұсыныс — шабуылына қарсы большевиктердің қандай күресті бастан кешіргенін де жазған.

Меньшевиктердің жұмысшы съезі деген идеяны шығаруы олардың ұсақ буржуазиялық төркінін; сасқандығын, партияда болудан, революцияшыл партиядан айнып қалғандығын; қалың жұмысшы бұқараны буржуазиялық демократияның ықпалына бағындырғысы келгенін көрсететіні айғақ еді. Бұл өзі кадетшіл буржуазияның жетекшілігі, гегемондығы туралы көзқарастың ұйымдастыру мәселелеріне келіп түскен көлеңкесі, сынық сәулесі болатын.

Аксельрод, Череванин деген меньшевиктер Т. Б.: «Бізде партия жоқ, тек ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның ұйымы ғана бар оның өзін де архивке өткізу керек» — деп жүз құбылып, революцияшыл социал-демократияны масқаралады. Буржуазиялық жазушылар, синдикалистер мен эсерлерден бастап октябристерге шейін, меньшевиктер шығарған партиялығы жоқ жұмысшы съезі деген идеяны басына көтеріп мақтады.

«Жұмысшы съезі жөніндегі идея, нақты күйінде алғанда, негізімен жалған нәрсе, өйткені ол идея фактыларға негізделген, «бізде партия жоқ» деген теріс қағыйдаға негізделіп отыр. Әңгіме мынада: бізде пролетарлық партия бар, ол өзін пролетариаттың душпандарына тым көп танытып отыр — бұл жағдайды меньшевиктердің өздері де өте жақсы біледі, бізде қазіргі өзінде-ақ партия бар, бұқаралар арасында ықпалы орасан зор нағыз пролетарлық партия бар, ал жұмысшы съезін шақыру үшін, хыяли түрдегі «партиясыз партияны» жасау үшін, біздің лажсыздан ең алдымен қазіргі партияны «күртуымызға», ең алдымен соны қыйратуымызға тура келеді» — деп жазды Сталин жолдас. (Шығ., II-т., 74 — 75-б).

Сол себептен де жұмысшы съезі деген идея — зиянды, көпшілік



көзінде партияны масқаралаушы идея деп көрсетті Сталин жолдас. «Жұмысшы съезін жақтап с.-д. партиясына қарсы болу керек пе, әлде партияны жақтап жұмысшы съезіне қарсы болу керек пе? Съезде мәселе міне осылай қойылды». Съездегілердің дені, басқасынан бұрын жұмысшы делегаттар ойына келгенін шығарушыларға, партияны таратушыларға қарсы белсеніп сөйледі. Бұлар: «біз партияның патриоттарымыз», — десті олар, — «біз өз партиямызды сүйеміз, сондықтан да шалдыққан интеллигенттердің оны қорлауына жол бермейміз» (Шығ., II-т., 75-б).

\* \* \*

Сталин жолдас Бакуде жүрген кезінде Баку жұмыскерлерін большевиктер партиясының төңірегіне топтауда, оларға социалистік білім беріп, мұнай өнеркәсібі капиталистерінің шабуылына қарсы күреске ұйымдастыруда расында орасан көп жұмыс жүргізді.

Сталин жолдас, жұмысшылардың ең жанына жақын мүдделерін қорғай отырып, арымай-талмай күрес майданын кенейтті: профессионалдык мүдделерден жалпы саяси мүдделерге дейін, әмірлі патшамен және буржуазия табымен күресуге дейін жеткізді.

«Сайлау алдында», «Тағы да кепілді мәслихат туралы», «Соңғы кездегі біздің іс тастаулар нені айтады?», «Әзірлену керек», «Экономикалық террор және жұмысшы қозғалысы», «Баспасөз», «Мәслихат және жұмысшы» деген мақалаларында Сталин жолдас большевиктерге жария мүмкіндіктерді найдалану тактикасын шебер талдап жасап берді, капиталистердің арсыз тәсілдерін патшалықтың саясатын талмастан әшкереледі, Бакудің мұнай өнеркәсіпшілеріне жұмысшыларды ауыздықтап жазалап отыруға көмектескен меньшевиктерге дақ түсіре соққы берді.

Бакудің большевиктік партия ұйымын нығайту, оның Баку жұмысшыларының көпшілігімен байланысын күшейту жолында Сталин жолдас қажымай жұмыс істеді. «Партияның дағдарысы және біздің міндеттеріміз» деген мақаласында: «Бакудегі ұйым (большевиктердікі. — Л. О.) жұмысшылар күресінің барлық істеріне үнемі араласып келді және араласып отыр, жұмысшылардың мұнай өнеркәсіп иелеріне қарсы жасаған бір де бір дерлік соқтығысуын көзден таса еткен емес және көзден таса етпей отыр, мұнымен қатар, әрине, жалпы саяси үгіт жүргізіп отыр. Осылардың арқасында, сөз арасында айта кету керек, Баку ұйымы осы уақытқа дейін бұқарамен байланысын баянды етіп отыр» — деп жазды И. В. Сталин. (Шығ., II-том, 154-бет).

Сталин жолдас, Баку большевиктерінің қатарын іріктеп, патшалық пен мұнай өнеркәсіпшілеріне қарсы күреске ұйымдастыра отырып, Ресей пролетариатының күшін топтап жыйнау, бүтін партияны нығайтып, дамыту жолында қажырлы еңбек сіңірді.

Сталин жолдастың «Партияның дағдарысы және біздің міндеттеріміз» деген мақаласында кертартпаның уақытша салтанатымен байланысты, біздің партия ауыр дағдарысқа ұшырағаны айтылады. Алайда, партия бұл дағдарысты жеңу үшін және одан жаңарып, аман-есен шығарлықтай күш табу үшін үнемі еңбек сіңіруге тиіс. Революция дауылы қашан соққанға шейін, партияның жұмыс істеуіне үлкен саяси бостандық болғанға шейін, партия өзін сауықтыру мәселесін кейінге қалдыра бере алмайды. Сталин жолдас:

«Бостандықтар аспаннан түспейді, олар, сөз арасында айта кету керек, жақсы ұйымдасқан жұмысшы партиясы арқасында болады» (Шығ., II-том, 149 бет).

Большевиктер партиясы, 1905 — 1907 жылдардағы революцияшыл ұрыстардан кейін, пролетариаттың қалың бұқарасы ішінде орасан се-



німге, тілектес-ықыласқа ие болды деп көрсетті Сталин жолдас. Большевиктердің партия ұйымдарының идеялық арқауы біреу. «Оларда революцияның сынынан өткен бір жалпы программа, революция мақұлдаған жалпы практикалық принциптер, даңқты революциялық салттар бар» (Сталин, Шығ., II-том, 147-бет).

Алайда, партия ұйымдарының идеялық бірлігі болғанына қарамастан, олардың қалың бұқарадан және өздері бір-бірінен қолүзгендік бар, партияның дағдарысы осыған байланысты туып отыр. Бұқараны қобалжытқан мәселелерге табан тірей отырып, халықтың социалистік санасын күшейту жолында үзбей жұмыс жүргізу қажет. Сталин жолдас: біздің ұйымдарымыз, жалпы саяси жұмыспен бірге, барлық ұсақ шекісулерге қажымай араласып отыруға, оларды таптардың ұлы күресімен ұштастыруға, сөйтіп «партиямыздың ұлы принциптерін нақты фактылармен» (Шығ., II-том, 150 бет) көрсетуге тиіс.

Сталин жолдас «Партияның дағдарысы және біздің міндеттеріміз» деген мақаласында партияға қалың пролетариат бұқарасымен байланыс жасаудың нақтылы жолдарын және түрлерін көрсетті; сонымен бірге Ресейдің өн бойындағы шашырап жүрген ұйымдардың бәрін ортақ партия жұмысымен біріктіру жолдарын да көрсетті.

Бұл міндеттер тек Ресейде шығатын жалпы орыстық газет жасалғанда, революция жұмысында басшылық ететін қолма-қол іске жетекші кіндік құрылғанда ғана шешіле алады деп көрсетті Сталин жолдас.

Бұл идеяларға Сталин жолдас өзінің «Кавказдан жазылған хаттар» және «Сольвычегод айдауынан партияның Орталық Комитетіне хат» деген мақалаларында тағы айналып соғады. И. В. Сталин «Кавказдан жазылған хаттарының» біріншісінде И. В. Сталин Ресейде шығарылатын жалпы орыс органын жасау мәселесінің пісуі жетті, пісуі жеткен, ең әуелі, ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін үнемі шақырылып отыратын жалпы партия конференцияларының қажеттілігінің де пісуі жетті.

Сталин жолдас бұл міндеттерге 1910 жылы өзінің «Сольвычегод айдауынан партияның Орталық Комитетіне хат» дегенінде тағы айналып соғады. Осы хатта Сталин жолдас: «Ең бастысы — Ресейде жұмысты ұйымдастыру» — деп көрсетті. Жергілікті ұйымдарға басшылық етіп отыратын орталық орыс тобын құру керек.

«Мұны қалай атасаңыз да ықтыярыңыз — «Орталық Комитеттің орыс бөлімі» дейсізбе, не Орталық Комитеттің жанындағы жәрдемші топ дейсізбе — мұның бәрі бір. Бірақ осындай топтың болуы, ауа, нан қандай қажет болса, нақ сондай қажет. Жаңағыдай топ жұмысты жандандырған болар еді, анықтық енгізген болар еді. Партиялықтың қайта тууы, меніңше, осыдан бастап қозғалған болар еді». (Сталин, Шығ., II-том., 211-бет).

Кейін партияның Прага конференциясы, Сталин жолдастың осы пікірін іске асырып, Орталық Комитеттің Орыстық бюросын жасап, оның басына Сталин жолдасты қойды. Сталин жолдастың бастауы, В. И. Лениннің нұсқауы бойынша «Правда» газеті, революцияшыл пролетариаттың бір ұрпағын лек-легімен тәрбиелеп шығарған газет жасалды.

Сталин жолдас партиямыздың барлық жауымен: ликвидатор, отзовист, троцкийшілдермен келіспес күрес жүргізді. И. В. Сталин жолдас «Кавказдан жазылған хаттарының» бірінде Тифлис меньшевиктері түсіп кеткен батпақтың, табандаудың жайын суреттей келіп, осы жағдайдан ликвидаторлық келіп шықты ол — «ұйымдастыру мағнасында ғана емес, тактикалық мәнде де, программалық мәнде де» жойымпаздық еді деп көрсетті. (Шығ., II-том, 189 бет).

Тифлистің меньшевиктері, ликвидаторлары революцияшыл социал-



демократияға қарсы дәлелдерін либералдар жағынан алып айтты, кадеттер программасына қарай бейімделген программасын пролетариаттың алдына тартты.

«Тифлис меньшевиктерінің «жаңа» фракциялық манифест деп қабылдаған біздің автордың бұл программалық жаттығулары партияның минимум программасын жою болып табылады, біздің программаны кадеттердің программасына сәйкестіруді талап ететін жою болып табылады». (Сталин, Шығ., II-том, 192 бет).

Тифлис меньшевиктері тактика жөнінен «пролетариат пен буржуазияның күш біріктіруін» уағыздады. Меньшевиктердің бұл ережелерінен пролетариатты буржуазияның қол-шоқпарына айналдыруға ұмтылғандық қылтыһып тұр деп көрсетті Сталин жолдас.

«Пролетарий» газетінің редакциясында отырып, Ленинге шабуыл жасаған отзовистер мен ультиматумшылдарға қарсы В. И. Лениннің күресін батыл қолдаған И. В. Сталин еді. Ленин «Пролетарий» редакциясынан бөлініп шыққан отзовистер, ультиматумшылар, құдай жасаушыларға қарсы күресті бастады. Сталин жолдас түгелімен Ленинге қосылды, «Редакциядағы азшылықтың көзқарасы пролетариаттың мүдделеріне сай келмейді» деп көрсетті Сталин жолдас. Баку комитеті И. В. Сталин жазған қарарында «редакциядағы көпшіліктің тұрған жағын, оның өкілі Ленинді жақтап» сөйледі. (Сталин, Шығ., II-том, 166-бет).

Сталин жолдас «Кавказдан жазылған хаттардың» біріншісінде, Каменев, Зиновьев, Рыковтар сыяқты троцкизм итаршыларының опасыздық құлқын еске алып: «Баку комитеті кейінгі айларда фракция ішінде туған жолсыздықтарды жою үшін большевиктердің конференциясын кажет деп те санайды» — деп жазды (Сталин, Шығ., II-том 182 бет).

Осы дәуірде ликвидаторлар мен троцкийшілдерден бастап, отзовистер мен құдай жасаушыларға дейінгі кілең партияға қарсы некен-саяқтардан құралған, партияға қас Троцкийдің август одағына қарсы жасырын пролетариат партиясын аман сақтау және нығайтуға жақтас-тардың партиялық одағы құрылды. Бұл одаққа Ленин бастаған большевиктер және Плеханов бастаған азғана меньшевиктер кірген болатын.

Сталин жолдас осы одақты бүтіндей қолдап шықты. «Сольвычегод айдауынан партияның Орталық Комитетіне хат» дегенінде: «Менің ойымша одақтық (Ленин — Плеханов) ұстаған жолы бірден-бір дұрыс жол: 1) нағыз партиялық элементтердің бәрін топтастыруды талап ететін Россиядағы жұмыстың шын мүдделеріне осы жол, тек осы жол ғана жауап береді; 2) меньшевик жұмысшылар мен жойымпаздардың араларына ор қазып, соңғыларды ыдыратып, қырып, жойымпаздардың езгісінен жария ұйымдарды азат ету процесін осы жол, тек осы жол ғана тездетеді» — деп жазды Сталин жолдас. (Шығ., II-том, 209-бет).

И. В. Сталин ұйымдарды жойымпаздықтың былығынан тазартатын жалғыз-ақ құрал осы одақ деді. Троцкийдің одағына қарағанда, бұл одақтың ұстаған жолы негізі берік. «Троцкийлік одақ бұл бір сасық принципсіздік, әлденеше түрлі принциптердің Маниловша былықпайы. Мәселенің логикасы өзінің жаратылысы бойынша-ақ берік принципке құрылған болады, ол былықпайды көтермейді. Ленин — Плеханов одағының өмірге сай болуының өзі — бұл одақтың барынша принципналдығында, партияның қайта туу жолдары мәселе жөнінде көзқарастардың бірінғайлылығына негізделгендігінде». (Сталин, Шығ., II-том, 210 бет).

\* \* \*

1911 жылдың екінші жартысынан былай Сталин жолдастың революциялық кәсібінің Петербург дәуірі 1911 — 1913 жылдар басталады.



И. В. Сталин Орталық Комитеттің Орыстар бюросын басқара отырып, Прага конференциясының қарарларын іске асыруды партияның Ресейдегі жұмысына басшылық етеді. Сталин жолдастың, асылында, жұмысшы қозғалысындағы революциялық жаңа өрлеуге, Мемлекеттік төртінші Думаның сайлауына байланысты большевиктер партиясының міндеттеріне арналған шығармалары осы уақытқа кіреді. Бұған жататындар: «Партия үшін», «I-Май жасасын», «Жаңа кезең», «Өмір жеңіп келеді», «Бұлар жұмысты жақсы істейді», «Қозғалып берді», «Қортындылар», «Петербург жұмысшыларының өз жұмысшы депутаттарына тапсырғаны», «Уәкілдердің еркі», «Петербургтегі сайлау» деген мақалалар т. б. Бұлар «Звезда» және «Правда» газеттеріне басылып шыққан болатын.

Революцияға қарсылықтың уақытша сайраңдауы 1910-жылдың аяғына қарай сарқылды. Қалың демократиялық топтар ішінде, өте-өте пролетариат арасында саяси жандану басталды. 1910 — 1911 жылдардағы жұмысшылардың іс тастаулары, пролетариаттың қыр көрсетулері, жыйындары т. б. басталуы — осының бәрі көпшіліктің столыпіншілдік тәртіпке қарсы революцияшыл пиғылының өршігеніне айғақ еді.

Бұқараның революцияшыл ниеттен революция өріне өтуіне сылтауы Ленадағы атқылау болды. «Ленадағы атыс біздің тарихымыздың жаңа дәуірін ашты. Төзім таусылды. Халық наразылығының сағасы ашылды. Халық ашуының дариясы тасыды» деп жазды И. В. Сталин (Шығ., II-том, 374 бет).

Революцияның тасы өрге домалайтыны анық деп, большевиктердің айтқаны келді. Экономикалық, әлеуметтік және саяси қайшылықтардың бәрі, 1905 жылғы күресті туғызған қайшылықтар, шешілмей қалғанды. 3-июнь тәртібі ештеңені уқсатып, ешкімді жуасыта алған жоқ.

Елде саяси өмір жанданумен бірге партия дағдарыстан құтылды. Сталин жолдас «Партия үшін» деген үндеу қағазында пролетариат келе жатқан революциялық шабуылды сайма-сай қарсы алсын десен, — ең әуелі партияны нығайту қажет. Тек пролетариат партиясының басшылығымен ғана пролетариаттың жан мүдделері үшін ойдағыдай күресуге болады, тек пролетариат партиясының басшылығымен ғана еңбекші бұқараны, бүкіл елді қайыршылықтан полицияның жүгенсіздігінен құтқаруға болады. «I-Май жасасын» деген үндеу қағазда Сталин жолдас: «Орыс либералдары — Россияда патша өкметі нығайды, ол халықтың негізгі тілегін орындай алады деп, өздерін де, жұртты да сендіріп жүр; бұл өтірік және соңғы Николайға жағынушылық» — деп жазды. (Шығ., II-том, 222 бет).

Елді қайыршылық пен азғындықтан құтқару үшін, он миллиондаған жер кәсібіндегілер ауық-ауық ашықтырып отыратын шұбалмалы аштық аурудан елді жазу үшін, жұмысшылардың тұрмысын өзгерту үшін — іргесінен төбесіне дейін патшалықтың күмбезін құлатып тастау керек. Патша үкметін басыбайлы заманның қалдық-малдығымен құлату мақсатын «халықтың кең етек алған революциялық қозғалысы арқылы, ол қозғалысқа халықтың тарих таныған көсемі социалистік пролетариат басшылық етсе» ғана орындауға болады. (Сталин. Шығ., II-том, 215 бет).

Сталин жолдас, большевиктердің Прага конференциясында сайланған Орталық Комитеттің Орыстар бюросын бастай отырып, партия ұйымдарын топтастырып, жыйнай беруде таудай жұмыс жүргізді. 1912 жылдың көктемінде, Петербургте болған кезінде, И. В. Сталин «Звезда» газетінің жұмысына қолма-қол басшылық етті. Сол газетте екінші томға басылған мақалаларының бірсыпасын жариялаған еді. «Звезда» күнде шығатын, «Правда» газетін даярлады. И. В. Сталин, партияның Орталық Комитетінің мүшесі ретінде, «Правданың» саяси



жолын жасауға басшылық етті, оның бірінші нөмірін шығарысуға қатынасты. «Правданың» бірінші нөмірінде жарияланған «Біздің мақсаттарымыз» дейтін мақаласында Сталин жолдас:

«Орыс жұмысшы қозғалысының жолына халықаралық социал-демократияның жарық сәулесін түсіру, жұмысшылар арасына жұмысшы табының достары мен дұшпандары туралы шындықты тарату, жұмысшылардың мүдделерін қорғау — міне «Правданың» көздейтін мақсаттары осылар» — деп жазды (Сталин. Шығ., II-том. 248 бет).

Екінші томға кірген И. В. Сталин мақалаларының бірқатары 1912 жылдың октябрінен 1913 жылдың февраліне дейін «Правдаға» басылып шыққанды. Большевиктердің төртінші Мемлекеттік Дума сайлауы жайындағы жұмысында да И. В. Сталин қолма-қол басшылық істеді.

И. В. Ленин мен И. В. Сталин бастаған большевиктер сайлау науқанына 1912 жылдың жазғы тұрымынан-ақ даярлық жұмысын бастады. Мемлекеттік Дума сайлауына Сталин жолдастың өзіндік жұмысын жүргізуге 1912 жылғы 22-апрельдегі болған тұтқын уақытына бөтет болды.

И. В. Сталин Нарымдағы айдаудан 1912 жылдың сентябрінде қашып шығып, сайлау науқанының нағыз қызуы үстінде, Петербургке қайтып келді. Сталин жолдастың «Правдаға» басылған, қазір өзінің екінші томына енгізілген бірқатар мақаласы сайлау мәселелеріне арналған. Мәселен: «Партиясыз әпенделер», «Олар сайлауға қалай күтінуде?», «Қортындылар», «Жұмысшы куриясы бойынша сайлау қортындыларына» деген т.б. мақалаларында Сталин жолдас бостандық қозғалысының жаулары демократияға қарсы күресу үшін күш жыйнап жатқанын көрсетті.

Помещиктер мен буржуазияның партиялары түкметтің сүйеуімен сайлау тізімдерінен солшыл кандидаттарды шығарып тастауға қолынан келген шараның бәрін қолданып бақты.

И. В. Сталин жазған «Петербург жұмысшыларының өз жұмысшы депутатына тапсырғаны» Мемлекеттік төртінші Думаның сайлау науқаны үшін аса маңызы зор болды. Жұмысшылардың орасан көпшілігі «Тапсырыс» үшін дауыс берді.

«Тапсырыс» 1905-жылдың шешілмеген міндеттерін еске салды. «Орыс халқының бесінші жылғы қозғалыстан туған талаптары шешілмей қалып отыр. Реакцияның және «жаңарған құрылыстың» дамуы бұл талаптарды қанағаттандырмағаны былай тұрсын, қайта керісінше — оларды одан әрі шиеленістірді...Россия келешектегі бұқаралық қозғалыстардың қарсапында тұр деп ойлаймыз; бұл қозғалыстардың бесінші жылғыдан да күшті болуы мүмкін. Бұл қозғалыстардың жетекшісі бесінші жылдағы сыяқты, орыс қоғамының ең алдыңғы табы — орыс пролетариаты болады. Ал оған, Россияның азат болуын шынмен тілейтін, көп қорлық көрген шаруалар ғана одақтас бола алады» — деп жазды И. В. Сталин. (Шығ., II-том, 251 бет).

«Тапсырыс» халықтың болашақ шабуылы екі майданда: патша үкметіне де қарсы, патшалықпен келісуді іздеп жүрген либерал буржуазияға да қарсы күрес жүргізуге тиіс. Сайлау науқанын большевиктер демократиялық республика, сегіз сағаттық жұмыс күні, помещик жерін кәмпескелеу ұрандарын көтеріп жүргізді. «Тапсырыста» Думаның социал-демократиялық фракциясының депутаттары бұл ұрандарды төртінші Думаның трибунасынан бастап, халыққа дейін жеткізуге тиіс, пролетариаттың қалың көпшілігін ағартып, ұйымдастыра беруге тиіс деп тапсырылған.

«Міне осы мақсатпен біз Думаға өзіміздің депутатымызды сайлап отырмыз, оған және IV Думаның бүкіл социал-демократиялық фракциясына Думаның трибунасынан біздің талаптарымызды кең түрде та-



ратуды тапсырып отырмыз, оларға мырзалар Думасында заң шығару ойынына салынып кеткендер деп отырмыз» — деп жазылған «Тапсырысқа». (Сталин. Шығ., II-том, 251 бет).

Ленин бұл «Тапсырысты» өте жоғары бағалады. Оны «Социал-демократка» жариялау үшін типографияға жіберіп отырып, Ленин шетіне былай деп жазған: «Қалайда қайтарылсын, кірлетілмесін. Бұл документті сақтау өте қажет». «Тапсырыс» 1912 жылдың 5 (18) ноябрінде «Социал-демократтың» 28 — 29 нөмірлерінде жарияланды. «Правда» редакциясына жіберген хатында Ленин: «Мына «Петербург депутатына берілген тапсырысты» қалайда көрнекті жерге, ірі таңбалармен басып шығарыңыздар» — деп жазған болатын. (Сталин. Шығ., II-том, 399 бет).

\* \* \*

Сталин жолдастың екінші томға кірген «Марксизм және ұлт мәселесі» дейтін еңбегі 1912 жылдың аяғы мен 1913 жылдың басында Венада жазылып, 1913 жылдың март — май айларында «Просвещение» журналында тұңғыш жарияланған еді.

Ленин мен Сталин оппортунизммен күрес жүргізе отырып жаңа революциялық өрлеу кезінде ұлт мәселесі жөніндегі кең большевиктік программа жасады. Онда ұлтты қанауды толық жою үшін, барлық ұлттың толық теңдігі үшін нағыз интернационализм үшін сара жол сызды.

Ленин мен Сталин империализмнің жаңа жағдайларын еске ала отырып, ұлт — отар мәселесін жасап шықты. Ұлт — отар мәселесін бүтін пролетариат революциясының бір бөлегі, бүтін пролетариат диктатурасы туралы мәселенің бір бөлегі деп қарады.

Сталин жолдастың «Марксизм және ұлт мәселесі» дейтін еңбегі — маркстік ғылымды дамытудың тамаша үлгісі боп саналады.

Сталин жолдастың «Марксизм және ұлт мәселесі» атты еңбегін Ленин өте күшті бағалады. Мұның ұлт мәселесі жөнінен большевиктік программа жасау ісінде үздік маңызы бар екенін Ленин талай рет атап айтты. Сталин жолдастың шығармалары жарыққа шыққан соң, Ленин өзінің «РСДЖПның ұлт программасы туралы» деген мақаласында былай деп жазды: «Бұл мәселенің жайы және С. -Д. — ұлт программасының негізі теориялық маркстік әдебиетте соңғы кездерінде айқын айтылып болды (Алдымен бұл арада қолға ұстарымыз Сталиннің мақаласы)» (Ленин. Шығ., XVII-том, 116 бет).

В. И. Ленин 1913 жылдың февраль айында, шет елден келген Сталин жолдас барлық австриялық тағы басқа материалдарды жыйып алып, ұлт мәселесі жөнінен үлкен еңбек жазып жатыр деп, Горькийге хабарлады. Ленин, «Просвещение» журналының редакциясы И. В. Сталиннің бұл еңбегін айтыс ретінде басып шығарғылары келетінін естіп Ленин бұған қарсылық білдірді: «Әрине, бұған біз мүлде қарсымыз. Мақала өте жақсы. Бұл өзі қызу мәселе, біз және бундовшыл арсыздарға қарсы айтқан негізгі жолымыздан зәредей де таймаймыз» — деп жазды. (Шығ., II-том, 403-бет).

1913 жылдың мартында И. В. Сталин тұтқынға алынғаннан кейін кешікпей В. И. Ленин «Социал-демократтың» редакциясына былай деп жазды: «Бізге осы бір тұтқын деген пәле болды. Коба қолға түсті... Коба ұлт мәселесі жайында үлкен («Просвещениенің» үш нөміріне жететін) мақаласын жазып болып үлгірді. Жақсы болды, Бунд пен ликвидаторлардан шыққан сепаратшылар мен оппортунистерге қарсы шығып, шындық үшін жұлысу керек» (Шығ., II-том, 403 бет).

Бірінші революция жеңілгеннен кейін туған реакциялық дәуір «жоғарыдан» қаһарланған ұлтшылдықтың күшті толқынын және «төменнен ұлтшылдықтың жауап толқынын» ала келді. Жаңа революция-



лық өрлеу үшін, пролетариаттың барлық күшін бір жерге жыйнау үшін бұл ұлтшылдық толқыны үлкен қауіп туғызды.

«Ұлтшылдық толқыны, жұмысшылар бұқарасын қамту қауып туғызып, бірте-бірте күшейіп төне берді. Сөйтіп азаттық қозғалысы бәсеңдеген сайын, ұлтшылдық өркендеп өсе берді.

Осындай қыйын шақта социал-демократияға өте ардақты міндет — ұлтшылдыққа соққы беру, бұқараны жалпы «ығудан» қорғау міндеті жүктелді. Өйткені социал-демократия, тек социал-демократия ғана, мұны орындай алатын еді, ұлтшылдыққа интернационализмнің сыннан өткені куралын, тап күресінің бірлігін, бөлінбеушілігін қарсы қоя алатын еді. Сөйтіп ұлтшылдықтың толқыны неғұрлым күшейе төнген сайын, социал-демократияның Россиядағы барлық ұлттардың пролетарларының туысқандығы мен бірлігін жақтаған үні соғұрлым қатты шығуға тиісті болды» — деп жазды Сталин жолдас. (Шығ., II-том, 291 бет).

Ресейдегі меньшевиктер мен Бунд, бүтін II-Интернационал сыяқты, ұлт мәселесіне келгенде пролетариат жолын емес, оппортунистік, дұрысын айтқанда, либералдық, буржуазиялық жолды ұстады. II-Интернационалдың нағыз барып тұрған оппортунизмі осы кезде шыққан «ұлт-теориясы», «ұлт—мәдениет автономиясының теориясы» — дегендерден айқын көрінетін. Бұл «теорияны» австриялық марксизмнің қыйсынқойлары Бауэр мен Шпрингерлер шығарды, Бунд пен меньшевик, ликвидаторлар жақтады.

Пролетариат қозғалысына зор зыян келтірген осы оппортунистік теорияны Сталин жолдас талқандады.

Ұлт теориясының және ұлт мәселесінен большевиктік программаның Сталин жасаған түрі — марксизмнің, маркстік диалектика әдісін, тарих материализмді қоғам қатынастарының белгілі бір тарауына қолданудың, ұлттардың және ұлт қозғалыстарының шығуы мен дамуын талдаудың үлгісі болып саналады.

Сталин жолдас австрия социал-демократиясының және оларды жақтаушы бунддовшылар мен меньшевик, ликвидаторлардың ұлт теориясының идеялистік, тарихқа қайшы сипатын ашты. Бұл оппортунистік теория жаралмыста пайда болған ұлттық мінез болады. Ұлттық негізгі және айтарлықтай жалғыз-ақ белгісі осы ұлттық мінез болмақ, бұл арада ол ұлттық мінезді тудырған жағдайлардың керегі жоқ деп соғады. Сталин жолдас: Бауэрдің ұлтының «Спиритуалистердің мистикалық және өзін нән санайтын ұлттық рухынан.., «түк те айырмасы жоқ»...Ұлтты ұлттық мінез-хұлықпен теңдестіретін Бауэрдің көзқарасы ұлтты негізден айырып тастайды және оны қайдағы бір көзге көрінбейтін, өзімен өзі болған күшке айналдырады. Бұл нағыз жігерлі, қыймыл жасаушы ұлт емес, мистикалық, тұрлаусыз, өлі бір нәрсе болып шығады» — деп жазды. (Шығ., II-том, 300 — 301 бет).

Бұл, Сталин айтпақшы, «идеялистік жіппен көктеп қойған теория» да тарихқа қайшы еді. Ол ұлт дегенді мәңгі бөлік, оның негізінде өзгермейтін ұлттық мінез жатыр деп қарайды. «Мәселенің диалектикалық қойылысы нақ осы арада, ұлт мәселесінде қажет» — деп көрсетті Сталин жолдас (Шығ., II-том, 314 бет).

Сталин жолдас, тарихи материализмді қолдана отырып, «Марксизм және ұлт мәселесі» деген еңбегінде ұлт туралы ғылымды дамытады. Сталин жолдастың ұлтқа берген тамаша анықтамасы мынау:

«Ұлт дегеніміз — тілдің, территорияның, экономикалық тұрмыстың және мәдениет тұтастығынан көрінетін психикалық пішіннің тұтастығы негізінде туған, адамдардың тарихи жағынан қалыптасқан берік тұтастығы» (Сталин, Шығ., II-т., 296 бетінде).

Тұңғыш рет Сталин жолдас берген бұл аталы анықтаманың тео-

462034



риялық және саяси мәні зор, Сталиндік анықтама — маркстік ғылымға енген үлкен қазына.

Ұлт теориясы бұрын да көп еді, қазір де көп. Бұл теориялар ұлт дегеннің жалғыз ғана бас белгісі деп: не жерінің бірлігін, тілінің бірлігін, немесе австриялық социал-демократияның теориясы сыяқты, ұлт мінезінің жалпы белгілерін ғана санайды. Сталин жолдас жерді де, тілді де, ұлт мінезінің ұқсастығын да бір-бірімен, әсіресе, қоғамның экономикалық, саяси және таптық қатынастарымен байланыстырмай, өз бетімен жеке алғанда, ұлт дегеніміздің анық ғылыми ұғымын бере алмайды деп көрсетті.

«Жоғарыда көрсетілген белгілердің бір де бірі, жеке алғанда, ұлттың ұғымын анықтап беруге жеткіліксіз екенін баса айту керек. Ол ол ма: ұлттың ұлт болудан қалуы үшін бұл белгілердің біреуінің-ақ жоқ болуы жеткілікті...**Белгілердің бәрі тегіс бар болса ғана бізге ұлт ұғымын береді.**» (Сталин. Шығ., II том, 297 бет) — деп жазды Сталин жолдас, өзі берген ұлт анықтамасындағы белгілер туралы.

Сталин жолдас ұлт дегеніміз нәсіл бірлігі емес, оның тайпамен, «қанбірлігімен» ешбір шатастырмау керек дейді. Ұлт дегеніміз «жаратылдымыстан» болған емес, тарихи жасалған оқиға. Қоғамның экономикалық дамуының нәтижесінен туған. Оның бер жағында «Ұлт — жай ғана тарихи категория емес, белгілібір заманның, өрлеп келе жатқан капитализм заманының, тарихи категориясы. Феодализмнің жойылуы мен капитализмнің өркендеу процесі әрі адамдардың ұлт болып құралу процесі де болып табылады. Мәселен, Батыс Европада іе осылай болған. Ағылшындар, француздар, германдар, италияндар және басқалар феодалдық бытырандылыққа үстемдік етіп отырған капитализмнің жеңісті салтанаты кезінде ұлт болып құралды». (Сталин. Шығ., II томының 303 бетінде).

Ұлттың шығуы мен дамуының бір ғана ғылыми дәйектемесін бере отырып, Сталин жолдас нәсілшіл, шовинистік теориялардың бәріне, онымен бірге «нәзік» және ашық алынған кертартпа ұлтшылдыққа күйрете соққы берді.

Ұлтты тарихи оқиға деп қарай отырып, ұлттардың капитализмнің өскен дәуіріндегі категория екенін көрсете келіп, Сталин жолдас «Марксизм және ұлт мәселесі» деген еңбегінде ұлт мемлекеттері мен көп ұлтты мемлекеттердің шығу әрекетін, барысын қоса талдайды және бұл дәуірдің ұлт қозғалыстарының таптық төркінін ашып береді.

Ресей сыяқты көп ұлтты мемлекетте ұлт мәселесінің маңызы барған сайын күшеюде, шалғай түкпірлердегі ұлт буржуазиясы өз маңына қалың халық буқарасын жыйнауға тырысып отыр, бұл жөнінде табыстары жоқ та емес. Өйткені өркөкірек — полициялық құрылыстың қатыгез қысымшылықтары ұлт буржуазиясын ғана емес, сонымен қатар шектері ұлттардың төменгілерін де шарпыйды. Осыған байланысты, большевиктер партиясының міндеті — ұлт мәселесін шешуден бой тарту емес, қайта, керісінше, ұлт мәселесі жөнінде қатаң дұрыстыққа негізделген пролетариат тұрғысына ие болу — деп жазды Сталин жолдас.

Ұлт күресі «тегінде...әрдәйім буржуазиялық боп келеді, оның пайдасы мен қызығын, бәрінен бұрын, буржуазия көрін жүр. Алайда бұдан пролетариат ұлттарды қанау саясатына қарсы күресуге тиіс емес деген сөз атымен шықпайды». (Сталин. Шығ., II том, 308 бет).

Билеп-төстеуші ұлттың жартылай феодалды жартылай буржуазиялық бюрократиясының тарапынан шығатын ұлттарға қысым көрсету саясатының екі қаупы бар. Ол саясат, біріншіден, бағынышты ұлттардың пролетариатының рухани күштерінің емін-еркін өркендеуін өсірмейді, ол, саясат, екіншіден, «қалың буқараның көңілін әлеуметтік мә-



селелерден, тап күресінің мәселелерінен бөліп, ұлттық мәселелер жағына, пролетариат пен буржуазияға «ортақ» мәселелер жағына аударады». (Сталин, Шығ., II том, 309 бет).

Жұмысшылар буржуазияның рухани жаншуынан құтылуға асық, бір ғана интернационалдық армияға толық қосылуға құмар. «Сондықтан жұмысшылар ұлттарды езу саясатының барлық түрлеріне, ең нәзік түрлерінен бастап ең өркескел түрлеріне қарсы, әрі шағыстыру саясатының да барлық түрлеріне қарсы күресіп отыр және бұдан былай да күреседі». (Сталин, Шығ., II-том, 310 бет).

Бауэр мен Шпрингердің ұлт-мәдениет автономиясы деген теориясы негізінде буржуазиялық теория болатын. Бұл теорияны бундшылдар мен меньшевик, ликвидаторлар қағып алып, пролетариатты, басын айналдырып, революцияшыл тап күресінен ұлтшылдықтың ауылына қарай тартпақтады. Сталин жолдас осы теорияны өлтіре сынады. Мәдени-ұлт автономиясы теориясының авторлары бундшылдар, ликвидаторлар ұлттық топтарға, оның жер жағдайына қарамастан, автономия беру керек деп жұйткіді. Бұл теорияның авторларының ойынша, автономияның өзі мәдениет мәселелерімен ғана тынады, оны іске асыру үшін топтардың өзара ұлттық одақтары құрылуға тиіс еді.

Мұның мәнісі — пролетариаттың таптық күресін ұлттар күресіне қарай бейімдеуге, пролетариатты «өзінің» ұлттық буржуазиясына бағындыруға ұмтылғандық еді.

Сталин жолдас бұл автономия, экономикалық және саяси өкметті үстем ұлттың қолында қалдыратын автономия, тап күресін бояп бүркеуге, мүқалтып кетуге әкеп соғады, ұлттарды жалғыз-жалғыз қалуға, әр ұлттың жұмысшыларының басын қоспауға әкеп соғады, «ұлтшылдыққа итермелейді».

Ұлт автономиясының мақсаты — мемлекеттің түкпір-түкпірінде бытырап жүрген белгілі ұлттың азшылығын тап-аралық бір ұлттың жалпы одағына кіргізіп ұйымдастыру болды. Бұл одақ, осы «теорияның» авторларының пікірінше, аз ұлттардың мәдени мүдделерін қорғап отыруға тиіс еді.

Сол үшін ұлт одақтарының орталық мекемесін құруға керек еді.

Сталин жолдас: бұл — керітартпа, сонымен бірге қыяллы пікір, өйткені оның көздейтін мақсаты — ұлтты қолға дәнекерлеу, халықтардың ұлттық ерекшеліктерін сақтау және өркендете беру, яғни барлық артта қалушылықпен керітартпалықты сары майдай сақтау, тап күресі жүйесін ұлттың буржуазиялық жүйелеріне айырбастауға тырысу, оның үстіне демократиялық тәртіп жоқ жерде бұл идеяның өзі іске аспайтын жалпы бір қысыр әнгіме болады, — деп көрсетті.

«Таптар күресі өте-өте шиеленіскен заманда аралас таптың ұлттық одақтарын ұйымдастырып жүрген бұл нендей социал-демократтар? Осы уақытқа шейін австриялық социал-демократияда — басқа социал-демократиядағы сыяқты — бір-ақ міндет: пролетариатты ұйымдастыру міндеті бар еді. Бір-ақ бұл міндет, сірә, «ескірген» көрінеді. Енді Шпрингер мен Бауэр «жаңа», қызығырақ, міндетті: ұлтты «күру», «ұйымдастыру» міндетін алға қойып отыр». (Сталин, Шығ., II-том, 329 бет).

Ұлт автономиясының зыяны сол, — «ол ұлттарды дара ұстау үшін ғана емес, жұмысшылардың тұтас бір қозғалысын ыдырату үшін де негіз дайындайды. Ұлттық автономия идеясы жұмысшылардың тұтас бір партиясын ұлттарына қарай құрылған жеке-жеке партияларға бөлшектеуге психологиялық тыянақтар жасайды». (Сталин, Шығ., II-том, 331 бет).

Бунд, жұмысшыларды интернационалдық рухта топтай берудің



орнына, партияны құрамалық пен сепаратшылдыққа сүйреді, пролетариаттың күшін шашыратуға тырысты деп көрсетті Сталин жолдас.

Бұл сыяқты оппортунишыл программаға карама-қарсы Сталин жолдас ұлттардың өзін өзі билеу праволары туралы большевиктік ережені дамытады.

Социал-демократия, ұлттың өзін өзі билеу правосы үшін күрескенде, ұлттарды езу саясатын тамам қылуды, ондай саясаттың шығуына мүмкіндік бермеуді ұлттардың күресін жоюды көздейді.

Ұлттардың өзін өзі билеу правосы дегеннің мәнісі не?

«Өзін өзі билеу правосы, яғни—ұлт өзінің қалауынша тұрмыс құра алады. Ол өзінің тұрмысын автономия негізінде құруға праволы. Ол мүлде бөлініп шығуға праволы...» (Сталин. Шығ., II-том, 310 бет).

Әрине, бұл—большевиктер, қалыптасып кеткен ірі мемлекеттен ұлттардың қалайда бөлініп кетуін талап етеді деген сөз емес.

Бөліну правосы туралы мәселе бөлінудің лайығы бар-жоғы туралы мәселемен бір емес.

«Бұл әрине социал-демократ ұлттың көрінген талабын жақтай береді деген сөз емес. Ұлт тіпті ескі тәртіпке қайта оралуға да праволы, бірақ бұл әлі—социал-демократ ол ұлттың аңау-мынау мекемесінің мұндай қаулысына қол қояды деген сөз емес. Пролетариаттың мүдделерін қорғайтын социал-демократтар міндеттері мен таптардан құралған ұлттық праволар—екеуі екі басқа нәрсе» (Сталин. Шығ., II-том, 311 бет).

Сталин жолдас ұлттардың жеке мемлекет боп бөлінуге дейін баратын, өзін өзі билеу праволарын іске асыру туралы мәселені әрдайым революцияның болашағымен байланыстырып отырды.

«Орыс марксисттері «ұлт бостандығы» туралы мәселені, реформаға сенуге көзі жетпейтін болғандықтан, болуы мүмкін негізгі өзгеріспен, демократиялы—бостандық қозғалысымен байланыстырады» (Сталин. Шығ., II-том, 317 бет).

Сталин жолдас Ұлы Октябрь Социалистік революцияға дейін-ақ В. И. Ленинмен бірге ұлт туралы маркстік ғылымды жасап берді, большевик партиясының ұлт мәселесі жөнінен программасы мен тактикасын жасап берді.

Большевиктердің Ұлт мәселесіндегі дәйекті саясаты Ұлы Октябрь Социалистік Революция дәуірінде езілген ұлттардың сенімі мен ниетін, партияға аударып берді. Жеңіске жеткізген себептің бірі де осы болды.

Совет мемлекетінің халықтары, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін орнатып, берік туыскандық достықпен басқан қосты, бірлесті.

Көп ұлтты, бірақ тұтас совет халқы, советтік отаншыл сезімге бөлсіп, бүкіл әлемге ұлт мәселесін шешудің үлгісін көрсетіп отыр. Ол үлгіні Сталин жолдас өзінің «Марксизм және ұлт мәселесі» деген атақты еңбегінде жазып беріп және Октябрь Социалистік революциясынан кейінгі еңбектерінде дамытып келеді.

Біздің елдің халықтарының достығы соғыстың барлық қыйыншылығы мен сындарынан өтті, бүкіл совет адамдарының фашист басқыншыларға қарсы жаппай күресінде бұрынғысынан да шынығып шықты.

Еліміздің халықтары, ұлы туыскандық одақ болып қол ұстасып, Сталин жолдастың басшылығы арқасында коммунизмге жетуге алға басып барады.

\* \* \*

Сталин жолдастың шығармаларының екінші томына енген еңбектері—революциялық жұмыс үшін ауыр күндерде, бір жағынан патша үкметінің қысым жасап ізге түсуі, бір жағынан марксизмді тергегіштердің шабуылы үдеп, өмір сүруіне қатер туғызған күндерде больше-



виктік партияның сол қыйыншылықтардан тайсалмай жүріп, бұрынғыдан да шынығып сыннан өткенін және буқара арасына тамырын терең жайып, халыққа идеялық ықпалын күшейткенін көрсететін айна боп саналады.

Партияны идеялық және ұйымдастыру жағынан топтауда, оны аман сақтау және нығайта беру ісінде және маркстік жеке партия етіп жасап шығару ісінде Сталин жолдас шығармаларының маңызы зор болды.

Ленин мен Сталин бастаған большевиктердің осы дәуірдегі табандылық, қажымайтындық үлгілерін үйренген партия біздің халқымызды Ұлы Октябрь Социалистік революциясында да, Социалистік қоғамды кұруда да жеңіске жеткізді және герман фашизмі мен жапон империализмін де жеңіп берді.

Сталин жолдастың Шығармалары толық коммунистік қоғамды кұру ісіне айнымас сенім туғызады, сол жолда жаңа батырлықтар жасау үшін халыққа жана дем береді.



# Совет армиясына 29 жыл

*Полковник Д. ВОЩЕНКО*

1947 жылы 23 февральда совет халқы Совет Армиясының 29 жылдық өмірін салтанатпен қарсы алып өткізді. Осы жылы, бұл даңқты күнді біз, соғыстан кейін, Отанымыз жауды толық жеңген жағдайда екінші рет мейрамдап отырмыз.

Күрестің өте қыйын жағдайларында Совет Армиясы «кеше ғана Европа мемлекеттерінің армиясына қаһарлы қорқыныш болған герман армиясын қыйратты» (Сталин). Сол сыяқты біздің қарулы күштеріміз Қыйыр Шығыстағы ең күшті армиялардың бірі—империалистік Жапонияның Квантун армиясын да талқандап соққы берді. Осы жеңістердің нәтижесінде совет халқы өзінің күшін еліміздің халық шаруашылығын қалпына келтіріп және бұдан былай да өркендету ісіне, бұдан әрі де коммунистік қоғам құру үшін күресу ісіне жұмсауға мүмкіндік алды.

«Біздің жауынгерлеріміз, офицерлеріміз және генералдарымыз халықтың сенімін ақтады және Отан алдындағы өз борышын аброймен орындап шықты. Совет адамдарының Қызыл Армияға батыл түрде сене алатындығына олар өзінің көзін жеткізді» (Сталин).

Совет Одағының қарулы күштерінің жеңістері Еуропаның көптеген езілген халықтарын неміс-фашист құлдығынан азат етті. Совет Армиясының бүкіл жер жүзілік-тарихи жеңісі мынада: нағыз қара түнек реакцияның күштерін прогрессивтік күштердің жеңуінде шешуші маңызы бар роль атқара отырып, ол, фашистік одақ елдер жеңе қалған жағдайда сөзсіз құрыпты, жержүзілік мәдениетті құтқарып алды.

Біздің солдаттарымыздың, офицерлеріміздің және генералдарымыздың соғыстың барлық ауыртпалығын аброймен жеңгендігі совет адамдарына, әсіресе қуанышты. Ал, олар, осы ауыртпалықтар, тіпті біздің Армиямызды әлсірете алмағаны былай тұрсын, қайта оны бұрынғыдан көрі де шынықтырды, сөйтіп ол өзінің 29 жылдығын жер жүзіндегі алдыңғы қатарлы, маңдай алды армия болып, күші өсіп гүлденген кезде қарсы алып отыр.

Совет Армиясы бірінші елеулі соққы кезінде-ақ, «саз балшықтан жасалған дөңгелек» сыяқты, қыйрауға тиіс деген көптеген шет елдік соғыс ісі білімпаздарының негізсіз және кісі күлерлік сөздері іске аспай қалды.

Совет тылының таусылмайтын күш-қуатына сүйенген Совет Армиясы «өзінің ұлы міндеттерінің жоғарғы сатысында екендігін, Совет мемлекеті мүдделерінің адал және шын қорғаушысы етіп көрсете алғандығын» соғыс көрсетті. Фашист сұмырайларын тоқтатып, неміс армиясы жеңілмейді-мыс дейтін өтірік ертегінің күлін көкке ұшырып және фашист Германиясын тарихта бұрын-соңды болып көрмеген жеңіліске ұшырату армиямыздың бір өзінің-ақ қолынан келді.

Біздің армиямыз Ұлы Отан соғысына дейін де ең алдыңғы қатарлы армиялардың бірі болды. Ол бүтіндей қазіргі заманның соғыс теориясына сүйенді. Совет соғыс ғылымы қарулы күштер құрылысының, оларды тәрбиелеп және үйретудің аса дұрыс жол-



дарын анықтады. Негізін тіпті азамат соғысының жылдарында-ақ Ленин мен Сталин салған біздің соғыс ғылымымыз өзінің өсіп-дамуындағы соғыс өнерінің тапқан барлық жақсы табыстарын өз бойына сіңіріп алды. Мұнда ол бұрынғы тәжірибелерді, шет елдік әскери пікірлерге қарағанда, дұрысырақ меңгерді.

Біздің қарулы күштеріміз бұдан 29 жыл бұрын, Ұлы Октябрь социалистік революциясының табыстарын қорғау үшін, Советтік Ресейді бөлшектеуге және оның тәуелсіздігін жоюға тырысқан шет елдік басқыншылармен күресу үшін құрылды. Қызыл Армияны құру туралы мәселені тарихи уақытгалардың барысы Совет мемлекетінің болу не болмау деген мәселесіне айналдырды. Қызыл Армияны құру туралы Сталин жолдас партияның VIII съезінде мәселені нақ осылайша қойды:

«Я тұрақты жұмысшы-шаруа, көпшілігі шаруадан болатын, қатаң тәртіпті армия құрамыз да, республиканы қорғаймыз, я құраймыз».

Сөйтіп, Совет мемлекеті, Лениннің және Сталиннің басшылығымен 1918 жылы тұрақты Совет Армиясын құрды, ол өзінің өмір сүруінің бірінші күндерінен-ақ Ресейдің құлдықтан азат етілген еңбекші бұқарасын өз қатарына жыйып алды да, азат етілген халықтардың жауынгерлік одағын жасады.

Ленин совет Армиясын құру Ұлы Октябрь социалистік революциясының ең маңызды табыстарының бірі деп, елімізде социализм жеңістерінің негізгі шарттарының бірі деп есептеді.

Октябрьдің бірінші жылдығында-ақ ол мақтанышпен: біздің Совет республикамыз «нағыз қыйын міндетті—социалистік Қызыл Армия құру мәселесін шешіп алды» деді.

Большевиктер партиясы басшылық етіп отырған Совет Армиясы шет ел басқыншыларының жау қанқұмарлығын, оның ақгвардиялық жалдамаларымен бірге талқанын шығарды, оларды туған жеріміздің шегінен қуып шығарды, көсеміміз Ленин мен Сталин қалай үйретсе, сондай етіп тұрмыс құруға өз халқының правосын қорғап қалды.

Ол қырғын соғыстардың ауыр жолдарынан өтті. Қару-жарақтың, оқ-дәрінің, киім-кешектің мұқтаждығын тартып, қанын төгіп, күрестің адам айтқысыз қыйын жағдайларында Совет Армиясы тарихта өлшеусіз ерлік пен батырлық көрсетіп жеңіп шықты. Ол совет халқының сенімін аброймен ақтады, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, жас Совет республикасын қорғады.

Енді бәрімізге айқын: егер, еліміздің бет алысын қайта өңдеген Ұлы Октябрь социалистік революция болмаса егер бізде Октябрь туғызған Совет Армиясы болмаса, Отанымызды империалистер құлдыққа салған болар еді.

Совет Армиясының азамат соғысындағы жеңістері өзбетімен келген жоқ. Оларды біздің большевиктік партия, Ленин мен Сталин ұйымдастырды. Оларды халықтың мүддесі мен үмітіне толық сай келетін совет өкметінің дұрыс саясаты қамтамасыз етті.

Қолымызды жеңіске Совет өкметі мен большевиктер партиясының барлық тылды, бүлкіл елімізді майдан қызметіне жұмылдыра алуының нәтижесінде жеткіздік. Жауды талқандау мәселесі, Отанымызды қорғау бүкіл халықтық мәселе ретінде шешілді.

«Қызыл Армияның—дейді Сталин жолдас—Отанымыздағы жұмысшы табы мен шаруалардың ішкі және сыртқы жауларына қарсы қатты ұрыстарының ауыр жолдарын аброймен өткендігін, оның жұмысшы табының жауларына қорқынышты, ал барлық езілгендер мен құл болғандарға қуанышты революциялық ұлы жауынгер күш болып ұйымдаса алғандығын партия мақтаныш етеді».

Совет Армиясының шет ел интервенттері мен ішкі контрреволюцияға қарсы 1918—1919 жылдардағы соғыста жеңіп шығуының арқасын-



да, совет халқы халық шаруашылығын қалпына келтіруге, содан кейін сталиндік бесжылдықтар кезіндегі жылдарда, Совет мемлекетің нығайтқан, социалистік индустрия құрудың, колхоздық егін кәсібінің негізгі мәселелерін шешіп алуға мүмкіншілік алды.

Бейбітшілік құрылыс жылдарында Совет Армиясы совет адамдарының өмір сүру еңбегін қорғады және әлденеше рет біздің мемлекеттік шекарамызды бұзуға тырысқан империалистік басқыншыларды талқан етті.

1938 — 1939 жылдары совет әскері Хасан көлі мен Хал-Хин көлде болған Жапония шабуылын жойды, бұл жапондықтар үшін үлкен маскаралық болды; 1939 — 1940 жылдары Совет Армиясы белофин авантюристерін қыйратып, Совет Одағының солтүстік-батыс шебінің қауыпсыздығын қамтамсыз етті, сөйтіп Ленинградты төңірік келген қауіптен құтқарды.

Сталин жолдастың басшылығымен, партиямыздың басшылығымен Совет Армиясы жетіле берді, өзінің күшін нығайта берді, бірден-бірге алдыңғы қатарлы, қазіргі заманның армиясына айналды, социализмді табысты етіп құрған совет халқының бейбітшілік еңбегін табандылықпен және қырағылықпен қорғады.

Еліміздің отан қорғау қабілеттілігі — оның тәуелсіздігінің негізі болды деп Сталин жолдас әлденеше рет көрсеткен болатын. Сондықтан партия бүкіл халқымыздың зейінін Совет мемлекетінің отан қорғау қабілеттілігін көтеру ісіне үнемі жұмылдырып отырды. Ал, совет адамдары өз армиясын нығайтуға, бүкіл елімізді белсене ел қорғау ісіне даярлауға еңбегі мен күшін аямады.

«Соғыстың жақындағанын, ауыр индустриясыз ел қорғау мүмкін емес екендігін, ауыр индустрияны өркендетуді тезірек қолға алу керектігін, бұл жөнде кешігу — істел утылу екендігін партия білген» (Сталин).

Ленин — Сталин партиясы барлық күшті қуатты ауыр индустрия құруға, сталиндік бесжылдықтарды орындауға жұмылдырды, осының арқасында өте қысқа мерзім ішінде біздің Отанымыз артта қалған елден алдыңғы қатарлы елге, аграрлы елден индустриялы елге айналды.

Социалистік индустрия құрылысы мен ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың табыстары Совет Армиясын алдыңғы қатарлы техникамен және соғыс ісін жүргізудегі барлық керектермен құралдандыру үшін қуатты база құрды. Осымен қатар Совет Армиясы Ленин мен Сталин шығарған ең алдыңғы қатарлы ғылыммен қаруланды. Лениннің және Сталиннің басшылығымен советтік әскери тәртіптің негізі, әскерлік және әскерлік-саяси тәрбие берудің советтік системасы жасалды. Сталин жолдастың басшылығымен практикалық мәселелерде, соғыс техникасын жетілдіру және соғыста оны пайдалану әдістері де шешілді.

Сталин жолдас, сайлаушылардың сайлау алдындағы жыйылысында сөйлеген өзінің сөзінде, біздің заманымыздағы маңдай алды армия екендігін сыйпаттайтын Совет Армиясының белгілерін көрсетіп, бәрінен бұрын мынаны еске түсірді: біздің армиямыздың бүтіндей қазіргі заманға лайық қару-құралы бар. Совет Армиясының құдыреттілігінің негізі осында. Оның жеткілікті шамада бүтіндей қазіргі заманға лайық қару-жарақтарының болуы — Отанымыздың абройы мен тәуелсіздігі үшін, совет халқының тұрмысы мен бақыты үшін біздің күресіміздің жеңімпаздық жолында орасан зор маңыз алды.

Қай кезді алып қарасақта, Совет Армиясының басына түскен ең ауыр сын — қазіргі заман соғысын жүргізудің едәуір тәжірибесі бар, бақайшағына дейін қаруланған миллиондаған неміс-фашист армиясының біздің елге салған шабуылы болды.



Біздің Отанымыз еш уақытта соншалықты мұндай қорқынышты қауіпке ұшыраған емес. Жау социализм елін құртуды, миллиондаған совет адамдарын қырып жоюды, ал қалғандарын неміс помещиктері мен капиталистерінің жұмыс малы етуді өзіне мақсат етіп қойды. Совет мемлекетінің болуы не болмауы деген мәселені қап төгіс соғыс үстінде, Совет Армиясы тағы да социализм пайдасына шешті. Төрт жыл бойы Совет Армиясы фашист сұр жыландарымен ұрысты. Оның ішінде үш жыл бойы, Европада екінші майдан ашылғанға дейін, жаумен ол жекпе-жек ұрысты.

Тарихта бұрын-соңды болып көрмеген өте қатал және ауыр соғысты Совет Армиясы жауды талқандаумен аяқтады. Ұлы Сталиннің басшылығымен Совет Армиясы жауыз басқыншыларды совет жерінің шекарасынан тек қуып шығып қана қоймай, фашистік айуанды өз үңгірінде де талқан етіп бітіріп, Берлин үстіне жеңіс туын тікті. Қысқа және үзіллі кесілті соғыс беріп, аса күшті Жапонияның Квантун армиясын бітірді. Шығыстағы жержүзілік агрессияның ошағы жойылды. Жапония тізе бұгуге мәжбүр болды.

Біздің советтік Отанымыз енді Батыста неміс шабуылының, Шығыста жапон шабуылының қаупінен құтылды.

Совет Армиясы өзінің ерлік күресінің арқасында фашистік езушілермен күресте тек тікелей жәрдем көрсетіп қана қойған жоқ, ол сонымен қатар фашизмнің құлдығынан—Польша мен Чехословакия халықтарын да құтқарды, фашист басқыншыларын Румыниядан, Болгариядан, Венгриядан, Австриядан және Финляндиядан қуып шығарды, Югославия мен Норвегия халықтарына, сол сыяқты Европаның басқа халықтарына да фашист тепкісінен босануда көмек көрсетті. Адам баласының тарихындағы совет халқының ұлы еңбегі осындай.

Екінші жер жүзілік соғыстың нәтижесін қорыта келіп, совет халқы өзінің көсемінің сөзімен қуанышты түрде мақтаныш етіп былай дейді: «Советтік қарулы күштері жеңді, біздің совет Армиясы жеңді, Совет Армиясы соғыстың барлық ауыртпалығына қаһармандықпен төзді, жауларымыздың армиясын бір жолата қыйратып, соғыстан шыққанда жеңімпаз армия болып шықты» (Сталин).

Біздің өткен жолдарымыз, біздің күрестеріміз бен жеңістеріміздің барлық тәжірибесі нені көрсетеді?

Сталин жолдас 1946 жылы 9 февральда сөйлеген сөзінде біздің жеңістеріміздің маңыздарын толық талдап берді.

Совет Одағының жеңісі дегеніміз мынадай: советтік қоғам құрылысы, советтік мемлекет құрылысы жеңді, совет қарулы күштері жеңді. Бұл ұлы жеңісті даярлаған және совет халқын бұған жетектеген большевиктер партиясы, оның социализм кұру саясаты. Біз Сталин жолдастың даналық басшылығының арқасында жеңдік.

Совет адамдары үшін, барлық алдыңғы қатарлы адам баласы үшін үлкен бақыттылық мынада болды: ауыр сын жылдарында Совет Одағының қарулы күштерін данышпан стратег Сталин жолдас басқарды.

Совет құрылысының тарихи артықшылығы — еңбекшілердің артықша үмітін, жігерін және еркін көрсететін жаңа социалистік қоғамдық қарым-қатынаста.

Совет мемлекетінің буржуазия мемлекетінен айырмашылығы—оның шын халық мемлекеті екендігінде. Ол тәртіп орнатып, оны жаулардың қай-қайсысынан болса да қорғайды, қорғағанда қоғамның бір азғантай байларына емес, бүкіл халыққа қолайлы және тиімді етіп қорғайды. Ол жаулап алу саясатына негізінен қарсы. Ол басқа елдер халықтарының тәуелсіздіктері мен праволарына өте құрметпен көңіл бөледі, сондықтан да оны бейбітшілік сүйгіш барлық халықтар өте құрметтейді.

Өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктенудің қоғамдық сыйпаты,



қоғам байлығын арттыру мүддесі үшін, еңбекшілердің тұрмыс және мәдени дәрежесін мүлтіксіз көтеру мүддесі үшін мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайту және оның отан қорғау қабілеттілігін күшейту мүддесі үшін, бүкіл еліміздің экономикасын дамытуды жоспарлауға бізге мүмкіншілік береді. Совет құрылысының экономикалық артықшылығы, елімізді индустрияландыру мен коллективтендірудің большевиктік саясаты фашизмді толық жеңіп шығуда Совет Армиясын барлық керектермен қамтамасыз етуге бізге мүмкіншілік берді.

Совет қоғамында ұлттық қарым-қатынас та, буржуазиялық қоғамға қарағанда, басқаша құрылады. Онда, буржуазиялық қоғамда, үстем тап әлсіз халықтарды әлді халықтарға ездiретiн ұйымдастырушы болып табылады, олар ұлттар арасына ала көздіктің отын жағады, ұлт араздығын туғызады.

Бiзде халықтардың арасында, ресми түрде емес, нақтылы теңдікке негiзделген өзара жәрдемдесу мен достық қарым-қатынас жүзеге асырылып отырады. Халықтардың достығы, таптық бiрлігіміздің күші қандай зор болса, сондай күшпен Совет Армиясының қатарын нығайтады. Совет Армиясының барлық мәні, «оның барлық құрылысы біздің еліміздің халықтары арасындағы достық ынтымағын нығайтуға, езілген халықтарды азат ету идеясына, Совет Одағына кіретін социалистік республикалардың тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау идеясына негiзделеді» (Сталин).

Бiздiн армиямыз нағыз қысылшаң минуттарда ұлан байтақ жерімізді қоныс еткен барлық ұлттардың миллиондаған бұқарасынан өте зор көмек алғандығы және алатындығы осыған кепiл болады.

Қазақ халқы, Отанымыздың барлық былайғы халықтары сыяқты, өзінің социалистік отанын кеудесін төсеп қорғады. Жүз мыңдаған қазақстандықтар Отан соғысының майдандарында кескілескен ұрыс салды. Қазақстан бірнеше дивизиялар құрып, оларды майданға жіберді, неміс фашистерімен болған ұрыстарда бұлардың адам айтқысыз даңқы шықты.

Жауынгерлік табыстары үшін, өте ұйымшылдығы мен темірдей қатаң тәртібі үшін Қазақстанда құрылған 316-шы атыс дивизиясы гвардиялық атыс дивизиясы болып қайтты. Оны әскери «Қызыл жұлдыз» орденімен наградтады. Оның командирі генерал-майор Панфиловқа Советтер Одағының Батыры деген атақ берілді. Дивизияның өзі оның атымен аталды. Панфиловшылар батырлықтың, ерліктің, Отанға шексіз берілгендіктің бейнесі болып алды.

Қазақ жауынгерлері генерал Даватордың гвардиялық корпусының қатарында да ерлікпен ұрыс салды. 57 мыңнан артығырақ Отан соғысына қатынасқан қазақстандық жауынгерлер мен офицерлер әскери ордендармен және медальдармен наградталды. Наградталғандардың ішінен 330 адам, оның ішінде 90 қазақ Советтер Одағының Батыры деген жоғарғы дәрежелі атаққа ие болды. Ардақты қазақ қыздары Совет Одағының Батырлары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың даңқы өшпейді.

Республикамыздың тылда қалған еңбекшілері үнемі майданға көмектесіп, оны барлық керек-жарақтармен — снарядпен, қарумен, жабдықтармен, астықпен және азық-түліктің барлық түрлерімен жабдықтады. Жауға атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда күйылып шыққандығын айтудың өзі жеткілікті. Соғыс жылдарында Қазақстан колхоздары мен совхоздарының мемлекетке бергені соғыс алдындағы уақыттан артық болды: астық 22 миллион пұт артық, ет екі есе артық, жүн 143 мың центнер артық.

Қазақтың Советтік Социалистік республикасының елімізді неміс



басқыншыларынан босатудың ұлы ісіне, мәдениетті кұтқару ісіне салған қоры осындай.

Совет адамдарының өз мемлекетіне деген мүддесі ең маңызды және ең басты іс болып алды. Сондықтан да тарих, совет халқының Ұлы Отан соғысындай, өзінің отаны үшін халықтардың сондай батырлық күресінің ешқандайын білген емес.

Совет отаншылдығының түрлі-түрлі нақтылы көріністері бар, бірақ олардың ішіндегі негізділері— ол жанқыярлық, саналы тәртіп және Отанын сүю мақсатымен өзіне тапсырылған істі ішінен ойлап тынышсыздану.

Ал Отанын сүю—бұл сондай керемет жасауға қабілеті бар күш.

«Біздің армиямыз, — деп жазды М. И. Калинин, — бүкіл жержүзі таңқаларлықтай ерлік көрсетіп отыр. Тіпті шет елдегі көптеген біздің достарымыз да совет отаншылдығының, совет адамдарының ынтасын салып берілген қаһармандығының өсін, дамыған негізіне жете түсінуге тырысып отыр. Ал бұл негіз шын бақытты негіз, сондықтан соғыстың ұзақтығы тек қаһармандықтың жемістілігін арттырады. Міне, біздің достарымызды қуантып, дұшпандарымызды қорқытатын осы. Ол негіз совет кұрылысы болады».

Бейбітшілік жылдары да, соғыс жылдары да совет қоғамының басшылық етуші және бағыттаушы күші Ленин—Сталин партиясы болды. Ол бұқарамен тығыз байланысты және халықтың түпкі мақсатына лайықты саясат жүргізеді. Бөлшевик партиясының дұрыс жолы, Сталин жолдастың данышпандық басшылығы— біздің жеңілмейтіндігіміздің кенілі, Совет Армиясының күші мен қуатының үнемі өсіп тұруының кенілі.

Жауды жеңіп шығу үшін—армия, соғыс өнерінің негізі болып табылатын, қазіргі заманның соғыс ғылымының барлық талаптарының дәрежесінде болуы керек. Біздің заманымыздағы озық шыққан соғыс ғылымы—советтік, сталиндік соғыс ғылымы болады. Ол соғыс өнерінің жақсы табыстарың, ең алдымен, — орыстың классикалық соғыс пікірін, — өз керегіне жаратты, сын көзімен қайта қарап, оларды ілгері бастырды.

Сталиндік соғыс ғылымы біздің армиямызды қазіргі техникалық жағдайларда, қорғануда болсын, шабуыл жасауда болсын кез келген күрделі мәселені шешуге қабілетті етіп, оны ішкі кұрылыс жағынан және әскер түрлерінің ара-қатынастары жағынан қамтамасыз етеді.

Сталиндік соғыс ғылымы өзінің жанашылдық рухымен, өзінің алдын ала болжау дарындылығымен Совет Армиясының қуатының өршіп дамуына кең жол ашады, оны әрқашан да өз ісінің шеберлері: қару-жарактың шеберлері, әдіс жасау тактикасының шеберлері, әскерді басқару шеберлері болуға қабілетті армия етіп шығарады.

Соғыстан еліміз жеңуші болып шығып, бейбітшілік өмір сүру еңбегіне қайта кірісті. Оның тамаша болашағы, оның экономикасының, мәдениетінің, халық тұрмысының бұдан былай да өсуінің орасан зор мүмкіншілігі қайтадан ашылды. 1946 жылы 9 февральда Сталин жолдастың сайлаушылардың алдында сөйлеген өзінің сөзіндегі оның тарихи нұсқауын жүзеге асырған төртінші бесжылдық жоспарын совет халқы істейтін істерінің жауынгерлік программасы ретінде қабылдады.

Совет Армиясы өзінің халқымен бір тұрмыста тұрады. «Жаңа жағдайда Қызыл Армия совет халқының бейбітшілік өмір сүру еңбегін қырағылықпен қорғауы, Советтер Одағының мемлекеттік мүддесін еснімді түрде қамтамасыз етуі және Отанымыздың шекарасын жаулар баса алмайғындай етуі керек» (Сталин).

Бұл — Совет Армиясының қуатын бұдан әрі де ығайта түсу керек деген сөз. Отанымыздың кұдреті мен даңқы оның қарулы күштерінің күйіне байланысты. Талқандалған жау Советтер Одағының орасан зор



күшін өз басына түскенде көріп сенді, ал достарымыз бізді құрметтейді, үйткені олар біздің күшімізді мойындайды.

Сталин жолдас лениндік өсиетті әлденеше рет біздің есімізге салды: «Қол жеткен табыстарға қанағат етпеу керек, оларды тыянақты етіп, соғыс өнерін дамытуда, жауынгерлік шеберлікті жетілдіруде одан әрі де ілгері баса беру керек».

Сталин жолдас 1945 жылы 7 ноябрьдегі бұйрығында былай деп жазады: «Жеңіп шыққан армиялар өзінің жауынгерлік даңқын тек өзім білемдікке салынып, мен-менсінгендігінен және оқып үйренуді тоқтатқандығынан ғана жойып алатындығы тарихта аз кездеспейді. Егер біз табысқа мастанып қол қусырып, кеудемізді көтерген болсақ, біздің қарулы күштеріміз де ондай қауіптен қашып құтыла алмаған болар еді».

Соғыс ісі жігерсіздікке, өз-өзінен қанағаттанып, бір орыннан қозғалмаушылыққа ешбір төзбейді. Ол біздің солдаттарымыздан, матростарымыздан, офицерлерімізден, генералдарымыз бен адмиралдарымыздан Ұлы Отан соғысының бай тәжірибесін катал зейін қойып, үнемі оқып-зерттеуді және толықтыруды, соғыс ғылымы мен техникасының өсуіне сәйкес өзінің бұдан былай да өсіп өркендеуін талап етеді. Халық шаруашылығының қуатты жаңа өрлеуі негізінде және советтік ғылымның бұдан былай да дамуы негізінде Отанымыздың қарулы күштері нығаяды.

Совет Армиясының жауынгерлері қырғын соғыстарда қолы жеткен даңқын ардақтап сақтайды, өзінің ұлы тарихи міндеттерін жаңа жағдайда да орындап шығуға қабілетті маңдай алды армияның туын алдағы уақытта да жоғары ұстайды: Совет Армиясы өз Отанының мемлекеттік мүддесін, Совет Одағының бейбітшілігі мен қауыпсыздығын қырағылықпен қорғайды.

Совет халқы мен өзінің данышпан ұстазы және қолбасшысы ұлы Сталиннің қамқорлығы мен сүйіспеншілігіне бөленген Совет армиясы ілгеріде де өз Отанына хурметпен, даңқпен қызмет етеді.



# Совет демократиясы—демократияның ең жоғарғы түрі

С. ПЛЕХАНОВ

Советтер Одағы дүние жүзіндегі бір ғана социалистік мемлекет, мұнда халықтар өкметтің нағыз қожасы және оның ісін алға апарушы болып табылады, сайлау мұнда дүние жүзінде ең демократияшыл конституцияның негізінде жүргізіледі.

Советтер Одағы демократиясының негізі халқымыздың Ленин—Сталин партиясының басшылығымен 30 жылға жуық уақыт ішінде қолы жеткен тарихи табыстарынан тұрады. Совет халқы өзінің бұдан әрі алға басуын совет стройы демократизмінің бұрынғыдан да өркендей беруі деп біледі. Міне сондықтан да совет демократиясының Отанымыздың тағдыры үшін маңызы өте зор болып отыр.

\* \* \*

Демократия жөніндегі мәселе прогрессивтік және реакциялық күштердің арасындағы күшті идеологиялық және саяси күрес мәселелерінің ішінде ең көп мәселенің бірі болып табылады. Буржуазиялық және реформистік идеология демократия жөніндегі мәселені ғылыми жолмен түсінбей, істің мәнісін шатастырып, бұрмалауда. Олар демократияны өзгермейтін, мәңгілік нәрсе, мұның мөлшері бірдей және барлық елдер мен халықтар қай уақытта болса да ойдағыдай пайдалана алады деп түсінеді.

Демократияны бұл сыяқты идеалистік түсіну мәселесіне марксизмді негіздеушілер—Маркс, Энгельс, Ленин және Сталин қарсы болды. Олар демократия жөніндегі мәселеге диалектикалық, тарихи көзбен қарау керек екендігін үнемі атап көрсетіп отырды.

Ленин «Мемлекет және революция» деген еңбегінде, «Мемлекет туралы» лекциясында, Коминтерннің II конгресіне арнаған тезистері мен баяндамасында: демократия тарихи, таптық ұғым, жалпы демократия жөнінде сөз қылуға болмайды, өйткені демократия дегеніміз мемлекет ұйымдастырудың түрі, ал мемлекет үстем таптың ұйымы болып табылады, міне осыдан барып мемлекеттің таптық ұғымын демократияның мазмұны анықтайды деп атап көрсетеді.

Демократия тұтас алғанда мемлекет сыяқты таптық қоғамның экономикалық негізінің қондырмасы болып табылады, белгілі бір қоғамдағы демократияның түрі мен ролін осы қоғамның экономикалық құрылысы белгілейді. «Әрбір демократия, жалпы әрбір саяси қондырма...қорыта келгенде өндіріске қызмет етеді және, қорыта келгенде, оны осы қоғамның өндірістік қатынастары белгілейді». (Ленин, XXVI том, 124 бет).

Буржуазиялық демократия еңбекшілерді қанауға, әлеуметтік теңсіздікке негізделген капитализмнің экономикалық негізінің қондырмасы болып табылады. Буржуазиялық демократияның негізі өндіріс құралдары мен саймандарының жеке меншіктілігін қорғау болып табылады. Осы негізде экономикалық теңсіздік болады, мұның өзі адамды адамның қанауын туғызады.



Буржуазиялық елдердің демократиясы азшылықтың демократиясы болып табылады, ал үстем таптың мүддесінің шеңберінен шыға алмайды. Буржуазиялық конституция буржуазиялық қоғамның қанаушылық сыйпатын әрдайым бүркемелеп отырады.

Қанаушы таптардың үстемдік ету және еңбекшілерді қанау заңын жарыққа шығара отырып, буржуазиялық демократия буржуазиялық қоғамды «жалпы халықтық», «жалпы адамдық» деп бірнеше түрлеп суреттеуге тырысады, онымен бірге буржуазиялық демократия іс жүзінде «бай адамдар үшін жұмақтан, ал қаналушылар үшін, кедейлер үшін қакнан, алдауыштан» басқа ештеме емес» (Ленин).

Капиталистік елдердің қазіргі өмірінен алынған жалпы белгілі фактлардың бірі міне мынадай. Американың Құрама Штаттарында капиталистер соғыс уақытында белгіленген мөлшерден тыс түскен қаржыны сақтауға тырысып, жұмысшылардың еңбек ақысын азайтып, көпшілік қолды товарлардың бағасын қымбаттатуда. Егер еңбекшілер өздерінің тұрмыс дәрежесіне қарсы капиталдың шабуылына қарсыласу ісін ұйымдастырса, конгрессте халық буқарасының қозғалысын басуға бағытталған заң жобасы шығарылады. Капиталистік топтардың әсерімен АҚШтың президенті Трумэн бірінші кезекте қажетті товарлардың бағасын белгілеп отыратын заңды жойды, сонымен ол қанаушы таптардың еңбекшілерді ашықтан-ашық езіп, жаншуына зор мүмкіндік берді.

Буржуазиялық демократия буржуазияның пролетариатқа үстемдік ету ісін ұйымдастырудың түрі болып және еңбекке қарсы капиталдың мүдделерін қорғайтын құрал болып табылады.

Совет демократиясының негізі мүлде басқа. Оның негізі социалистік қоғамдық құрылыс, мұнда кұрал және өндіріс кұралдары барлық еңбекшілердікі—совет мемлекетінікі, қоғамдық-кооперативтік ұйымдардікі болып есептеледі. ССРОның саяси негізі еңбекшілер депутаттарының Советтері. «ССРОда барлық өкмет билігі қала мен деревнядағы еңбекшілердікі—булардың атынан билік жүргізетін еңбекшілер депутаттарының Советтерінікі».

Социалистік кұрылыстың лениндік-сталиндік жоспарларының ойдағыдай іске асырылуының нәтижесінде Советтер Одағында қоғамдық кұрылыс орнатылды, мұның экономикалық негізі шаруашылықтың капиталистік жүйесін, өндіріс кұралдары мен саймандарының жеке меншігін, адамды адамның қанауып жою нәтижесінде нығайған социалистік шаруашылық жүйесі және социалистік меншіктегі өндіріс кұралдары мен саймандары.

Біздің елімізде социалистік жаңа қоғам кұрылды, бұрынғы қоғамдық-экономикалық барлық формацияларға қарағанда бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық негізі мүлде басқаша.

Демек, совет мемлекетінің экономикалық негізі болып отырған социалистік жүйенің үстем болуы және мемлекетіміздің саяси негізі—еңбекшілер советтері совет демократиясының жоғарғы түрінің негізгі белгісі болып табылады.

\* \* \*

Совет қоғамының экономикасында болған негізгі өзгерістердің нәтижесінде бізде мүлде басқаша таптық кұрылыс пайда болды. Совет кұрылысы—жаңа таптардың бесігі болып табылады. Мұндай таптарды адам баласының тарихы осы уақытқа дейін көрген емес. Советтік қоғамда өмір сүріп отырған жұмысшы табы мен колхозды шаруалар—булар жаңа таптар, советтік жаңа демократиялық мемлекет өсіріп шығарған совет интеллигенциясы да жаңа адамдар.

Елімізде социализмнің жеңуінің нәтижесінде советтік қоғамның



бұл әлеуметтік топтары мықтап өзгерді. Біздің жұмысшы табы қазір пролетариат емес, өйткені пролетариат өндіріс құралдары мен саймандарына меншікті емес еді және қанаушы таптардың құлдығында езілуде еді. Мұның керісінше, біздің елімізде жұмысшы табы барлық халықпен бірге өндіріс құралдарына өздері қожа, ал капиталистер табы жойылды.

Біздің шаруалар да мүлде өзгерді. Деревняда капиталистік элементтерді жою шаруаларды қанаудан, жоқшылықтан азат етті. Шаруалардың басым көпшілігі колхозға бірікті, мұнда өндіріс құралдары коллективтің меншігінде, қазіргі замандағы техниканы қолданып, коллектив болып еңбек етеді.

Біздің интеллигенциямыз да бұрынғы интеллигенциядан мүлде өзгеше: олардың 80—90 проценті жұмысшылардан, шаруалардан, тағы басқа буқара еңбекшілердің арасынан шыққандар, олар халықтың мүддесі мен игілігі үшін еңбек етеді.

Елімізде социализм жеңгеннен кейін пайда болған тап күштерінің жана қарым-қатынастары Сталиндік Конституцияға жазылды. ССРО Конституциясының 1 статьясында былай делінген: «Советтік Социалистік Республикалар Одағы жұмысшылар мен шаруалардың социалистік мемлекеті».

Советтік демократия таптық езушілікті жоюмен ғана емес, онымен бірге ұлттық қанаушылықты жоюмен де сипатталады.

Біздің мемлекетімізде барлық ұлттар бірдей тең праволы. Буржуазиялық демократияның бір де бірі ұлт мәселесін шеше алмайды. Буржуазиялық мемлекетте әр уақытта қанаушы, үстемдік, басшылық ететін ұлттар мен езілген ұлттар қатар өмір сүреді. Совет демократиясы ұлт мәселесін большевикше шешті. Советтер Одағының Одақтас республикалары ерікті, яғни өзін-өзі билейді.

Отан соғысы күндерінде, буржуазиялық-демократиялық елдер демократияға шек қойған болса, бізде, қайта, одақтас республикалардың праволары бұрынғысынан да өсе түсті. ССРО Жоғарғы Советінің бірінші сайланған X сессиясының қарары бойынша одақтас республикаларға сыртқы саясат жұмысын жүргізуге және әскер күштерін құруға право берілді.

ССРОда ұлт мәселесін шешу лениндік-сталиндік ұлт саясатының негізінде тек совет демократиясы, совет өкметі ғана ойдағыдай шешіп, еңбекшілердің гүлденіп, өсуіне, бейбіт құрылыс ісіне Отанымыздың Советтік Социалистік оналты республикасының барлық ұлттарының, ұлт топтарының және халықтарының туысқандық достығын қамтамасыз ету үшін барлық жағдайды туғыза алды.

\* \* \*

Совет демократизмі өзінің әлеуметтік және таптық түрлері жөнінен ғана жоғарғы түрдегі демократизм емес, онымен бірге советтік қоғамның мемлекеттік құрылыс және сайлау жүйесі жөнінен де жоғарғы түрдегі демократизм болып табылады.

Совет демократиясының буржуазиялық демократиядан айырмашылығы сонда, ол мемлекеттік аппаратының тіпті өзгеше түрін құрады. ССР Одағының мемлекеттік өкметінің органы—еңбекшілер депутаттарының Советтері болып табылады. Советтер халықтың тілегін, мүддесін жүзеге асырып отырады. Бұл—нағыз халық өкметі, демократияның өте толық түрі. Ленин мемлекеттің жаңа түрі—совет мемлекетін құрды. Мемлекеттік ұйымның жана түрі—Советтерді Ленин тіпті Октябрь революциясынан бұрын ойлап шығарған болатын. Советтер нағыз халықтық сипатта және барлық еңбекшілердің мемлекетті басқару ісіне белсенді



түрде қатысуын қамтамасыз етеді. Міне парламенттік республикалардан айырмашылығының өзі де осында деп түсіндірді Ленин.

Сталин жолдас Ленинің Советтер жөніндегі ғылымын кеңітіп, оларды мемлекеттік ұйымның басқа қандай түрінен болса да барлық артықшылығын терең ашып берді. Советтер бұқаралық ұйымдардың бірі. Олардың күші мемлекетті басқару ісіне бұқараның қатынасуын барынша жеңілдеткендігінде. Міне сондықтан да жұмысшылар мен шаруалардың социалистік мемлекеті советтік мемлекет болып табылады.

Советтер дауысты жасырын беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте сайлау правосымен сайланады. Советтерді сайлау шын мәнісінде ерікті және демократиялық сайлау болып табылады. Совет өкметінің төменгі және жоғарғы органдарының барлығы да халық алдында есеп беріп отырады. Біздің депутаттар халықтың қызметшісі. Жоғарғы Советтердің депутаттары заң шығарады және жергілікті жерде ол заңды іс жүзіне асырып отырады. Олар депутаттың міндеттерін өздерінің істейтін жұмысымен біріктіріп, шаруашылық және мәдени құрылысқа тікелей қатынаса отырып, сайлаушылармен үнемі байланыс жасалып отырады. Біздің депутаттар еліміздің таңдаулы адамдары: өнеркәсіп пен транспорттың, колхоздардың стахановшылары, ғалымдар, жазушылар, партия және совет қызметкерлері, совет армиясының өкілдері.

ССР Одағының екінші сайланған Жоғарғы Советінің депутаттарының ішінде 102 Советтер Одағының батыры, 52 Социалистік еңбек ері, 35 сталиндік сыйлықтардың лауреаты, 982 ордендар мен және медальдармен наградталғандар бар. Бұлар еліміздің жұмысшылары мен шаруаларының арасынан шыққан мемлекеттік қайраткерлер, совет, партия, шаруашылық, мәдени мекемелердің басшы қызметкерлері. Бұл тек біздің социалистік демократиясы бар елде ғана мүмкін болатын хасиет.

Өндірістің буржуазиялық әдісі халық арасынан шыққан адамдарды мемлекет басқару ісіне қатынастырмайды. Буржуазиялық демократияда еңбекшілердің сайлауға қатынасуына шек қоятын және тежейтін түрліше ескертулері бар. Адамдардың правосын жариялай отырып, буржуазиялық демократия өзі әйгілеген правоға шек қояды. Буржуазиялық конституцияның әрбір пункті өзіне-өзі түзету енгізеді, сонымен бұл пунктті жоққа шығарады деп ескертеді Маркс.

Халықтар үшін демократиялық бостандығына шек қоюға бағытталған көптеген түзетулер буржуазиялық елдердің қай-қайсысының да конституциясында орын алады. Еңбекшілердің сайлау урналарына баратын жолына неше түрлі кедергі бөгет жасалады. Сайлау цензлары, яғни сайлау правосын алу үшін белгілі жағдайы болу ісі кеңінен қолданылады. Мысалы, Англияда, АҚШта, Францияда сайлау правосы 21 жастан асқандарға, Швецияда 23 жастағы, Данияда 25 жастан асқан адамдарға ғана беріледі. Осы жасы туралы жағдайдың негізінде АҚШта 1944 жылы 18 бен 21 жастың арасындағы 6 миллионнан астам адам сайлау правосынан айрылды.

Бір қатар капиталистік елдерде бір жерде қоныс теуіп тұрмаған адамдар сайлауға қатынасуға право ала алмайды. Франция, Англия, АҚШ сыяқты алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде әйелдер сайлау правосына жуықта ғана ие болды.

Шет ел отарларында теңсіздік өте кең етек алуда. Отарлардың жергілікті халықтарын екінші қатардағы бағынышты адамдар деп қарап мемлекет ісін басқаруға қатынастырмайды. Британияның доминиондары—Жаңа Зеландияда, Оңтүстік Африка одағында сайлау правосы мен тек ақ нәсілді халықтар ғана пайдаланады, ал қара түсті адамдардың ешқандай саяси правосы жоқ. Осы заң бойынша Оңтүстік



Африка одағындағы ондаған мың негрлердің сайлау правосы жойылған. АҚШта қара нәсілді халықтар үшін сайлау цензисі бүркемеленген түрде. АҚШта негрлердің тек сөз жүзінде сайлау правосы бар, ал бірақ негрлер үшін білім дәрежесі кедергі болып табылады. Сайлау правосына ие болу үшін ағылшынша жақсы оқып жаза білу керек. Сондықтан ағылшын тілін білмейтін мыңдаған негрлер сайлау правосынан айрылып отыр.

Британия империясы халқының көпшілігі—547 миллион адамнан 499 миллион адам мемлекетті басқару ісіне мүлде шығарылып тасталды, ағылшынның мемлекеттік парламентіне сайланбағандар, демек, өз елі үшін заң шығару жұмысына қатынаса алмайды.

АҚШта онымен бірге жақсы тәртіпті болу цензисі де бар. Сайлау правосын алу үшін өзінің тәртібі жөнінде куәлік алуы керек. Тәртіптілікті әрбір Штатта өздерінше белгілейді.

Онан соң, буржуазиялық елдердің сайлаушыларының тізіміне ену үшін сайлаушы өтініш беруге міндетті.

Совет демократиясының буржуазиялық демократиядан айырмашылығы—совет демократиясында азаматтардың сайлау правосын алу үшін демократияға қарсы ешбір цензисі жоқ. Сталиндік Конституция азаматтардың бостандығы мен правосын тек жариялап қана қоймайды, онымен бірге оларды іс жүзіне асырады.

Ленин мен Сталин социалистік демократизмнің негізгі өзгешелігі тек сөз жүзінде емес, шындықты көрсету сипатында деп үйретеді. Сталиндік Конституцияның әрбір азаматқа берген правосын іс жүзіне асыруға тек совет мемлекеті ғана кепіл болып отыр. Мысалы, ССР Одағында еңбек ету правосы әрбір азамат үшін өмір сүрудің сенімді құралы болып табылады. Бұл аса зор қол жеткеп табыс Сталиндік Конституцияда айқын жазылған. Совет мемлекетінің экономикалық негізіне сүйенген совет демократиясы барлық халыққа дем алуға және білім алуға, қартайғанда қаражатпен қамтамасыз етуге право берді.

Демократияның нағыз халықтық сипаты еліміздің сайлау правосында айқын көрсетілген. ССР Одағының 18 жасқа толған әрбір азаматы өкмет орнын, оның ішінде ең жоғарғы орын ССР Одағы Жоғарғы Советін сайлауға қатынасуға правосы. ССРОның 23 жасқа келген әрбір азаматы ССРО Жоғарғы Советіне, ал 21 жастағы азамат одақтас және автономиялық республикалардың Жоғарғы Советтеріне сайлана алады. Сайлау науқанын өткізу ісіне жұмсалатын қаржы мемлекет есебінен беріледі: жыйналыс өткізуге, дауыс беруге үй береді, баспаханамен, сайлау алдында үгіт жұмысын жүргізу тағы басқалар үшін қағазбен қамтамасыз етеді. Осының арқасында еліміздің азаматтары өздерінің сайлау правосын іс жүзіне асыруға мүмкіндік алады.

«Біздің елімізде, — дейді Сталин жолдас, — әрбір азаматтың қоғам ішіндегі алатын орнын әл-ауқаты, ұлт тегі, жынысы, қызмет орны емес, өз басының қолынан келер ісі мен өз басының еңбегі белгілейді».

Советтік социалистік мемлекетіміз барлық халықтың мемлекеттік өмірге, мемлекетті басқару ісіне шын мәнісінде ықпалын тигізуін қамтамасыз етеді. Бұған ССРО Жоғарғы Советінің екінші сайлауы айқын дәлел болады. Тек Қазақстанда ғана тіркелген 3.302.139 сайлаушыдан 1946 жылы 10 февральда 3.298.932 адам, немесе 99,9 проценті сайлауға қатынасты. Дауыс беруге қатынасқан барлық сайлаушының 99,56 проценті коммунистер мен партияда жоқтардың одағы ұсынған кандидаттарға дауыс берді.

Қазақ халқы Ұлы Советтер Одағының басқа барлық халықтары сияқты одақтас және автономиялық республикалардың Жоғарғы Советтерін сайлауға большевиктік партияның маңына топталып, комму-



нистер мен партияда жоқтардың біртұтас одағына бірігін, көсеміміз және устазымыз Иосиф Виссарионович Сталиннің есімімен кірісті.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1947 жылғы 16 февральда болған сайлауына барлық сайлаушылардың 99,70 проценті қатынасты, сайлаушылардың 99,7 проценті өз дауыстарын халық одағы ұсынған кандидаттарға берді: Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауының қорытындысы коммунистер мен партияда жоқтардың мызғымас одағының жаңа жеңісі, совет халқының бірлігінің шаттық көрінісі болып және Ленин—Сталин партиясының данышпандық саясатының салтанаты болып табылады.

Халық бұқарасының мұндай белсенділігі мен сапалылығын дүние жүзінде еш бір ел білмейді. Бұл еліміздегі нағыз демократияны айқын көрсетеді.

Буржуазиялық елдерде бүкіл бір партия кейде сайлауға алас жариялап, өз партиясының мүшелерін сайлауға қатынаспауға шақырады. Мұндай жағдай Греция «парламентінің» соңғы болған сайлауындаездесті. Мұнда дауыс беруге правосы бар сайлаушылардың 70 процентке жуығы сайлауға қатынаспады. Иранның халық партиясы қазір Иран меджлисінің сайлауына алас жариялап отыр.

Сайлау уақытында буржуазиялық партияның өкілдері халық арасында өздерін әйгілеу үшін барлық күшін жұмсап тырысады. Сайлаушымен-ақ олардың сайлаушыларға тәуелділігі бітеді, буржуазиялық депутат өз сайлаушыларына есеп беріп отыруға тиісті емес, оны орнынан алып тастауға болмайды. Англия мен АҚШта қазір демократияшы сайлаушылардың парламенттегі өздері сайлаған депутаттары сайлау уақытында сайлаушыларға берген уәдесін ақтамай отырғандығына өкінішті болып отырғандығын атап өту керек. Бірақ мұндай депутаттарға ықпалын тигізуге, берген сөздерін орындаттыруға сайлаушылардың шамасы келмейді.

Буржуазиялық елдердің парламенттері—капиталдың сенімді малайы. Буржуазиялық партиялардың өкмет басында қандайы отырса да мемлекеттік саясатта ешқандай түпкілікті өзгеріс болмайды. АҚШта өкмет басында буржуазиялық екі партия—демократтар мен республикашылар отыр. Олардың екеуі де шын мәнісінде Американың монополиялық капиталының саясатын жүргізуде. Великобританияда өкмет басында лейбористер партиясы отыр. Ол «жұмысшы партиясы» деп аталады, алайда, оның саясаты, әсіресе сыртқы саясаты ағылшын капиталистерінің мүдделерін қорғайды.

Тек Советтер Одағындағы парламент—ССРОның Жоғарғы Советі ғана халықтың сенімді қызметшісі болып табылады. Жоғарғы Совет совет халқының суверендігін, толық билеушілігін іс жүзіне асырады. Барлық өкмет билігі халықтың қолында, оның конституцияны өзгертуге правосы бар, барлық адамдар үшін міндетті заңдар шығарады, олар үкметтің істеп отырған қызметіне бақылау жасауға, оның составын өзгертуге правосы. Жоғарғы Советте халық мүддесінен басқа мүдде жоқ.

Демек, Совет демократиясының маңызы—социалистік демократияның халық шаруашылығының социалистік жүйесінің үстемдік етуіне және совет қоғамының мүлде басқа таптық құрылысына сүйене отырып, бүкіл совет халқын—жұмысшыларды, шаруаларды, интеллигенцияны саяси қызметке және өкмет басына көтеріп отырғандығында.

Совет демократизмі өзінің әлеуметтік түрі мен таптық, мемлекеттік құрылысы жөнінен және сайлау жүйесі жөнінен ғана жоғарғы



түрдегі демократия емес, онымен бірге өзінің тарихи ролі жөнінде де жоғарғы түрдегі демократия болып табылады.

Демократизмнің өте төменгі түрі қазіргі уақыттағы демократиядан бұрын болған еді. Қоғамның демократиялық ұйымдары ежелгі заманның өзінде-ақ белгілі болған болатын. Ру қоғамында, өндіріс құралдарына жеке меншік жоқ уақытта, қоғам тапқа бөлінбеген кездің өзінде ерекше алғашқы демократия болды. Бір-біріне жау қоғамдық таптардың және мемлекеттің шығуымен байланысты демократия мемлекеттік құрылыстың түрлерінің бірі болып саналды.

Демократия деген сөздің өзі грек сөзі. Демос — халық, кратес — басқарамын. Сонда демократия — халық билеуі деген сөз болып шығады. Ежелгі Греция мен Римде құлдық қоғамның демократиясы болды. Мысалы, біздің заманымызға дейінгі V ғасырда Афинының құлдық қоғамында демократия болды. Құл иелері мемлекетті басқаруға белсене қатынасты. Алайда, негізгі тап құлдар бұқарасының ешқандай саяси правосы болмады, мемлекетті басқару ісіне қатынаспады. Құлдық қоғамның демократиясы құлдарды қанап, езу үшін қызмет етті және құлданушы таптардың диктатурасының белгілі мемлекеттік түрі болды.

Феодалдық-крепостниктік қоғамда да демократиялық ұйымдардың ерекше түрі болды. Феодализм уақытында демократия тікелей саяси өмірге қатынасқан боярлар, күпецтер, помещиктер үшін қызмет етті, ал крепостной шаруалар бұқарасының ешқандай саяси правосы болмады.

Буржуазиялық демократияның өмір сүруіне қандай тарихи даму себеп болды? Феодалдық крепостниктік мемлекеттің, абсолютизмнің орнына және оған қарсы күресте буржуазиялық мемлекет орнайды. Буржуазиялық мемлекеттің ең күшті, өскен түрі буржуазиялық-демократиялық республика болып табылады деп көрсетеді Маркс пен Энгельс. Саяси өкметті алу үшін буржуазия халық бұқарасын демократикалық ұрандармен және уәделермен алдап, абсолютизмге қарсы күреске тартты. Бірақ бұл уәделер осы уақытқа дейін орындалмай келеді. XX ғасырдың бас кезінде капиталистік елдердің көпшілігі буржуазиялық-демократиялық ұйымдар құрылды, мұнда буржуазияны жақтаушылар мемлекеттің демократиялық ұйымдарының мәңгілік және идеялық түрінің сырын ашып берді.

Буржуазиялық демократия феодалдық-крепостниктік ұйыммен салыстырғанда шынында да бір қадам алға басу болып табылады, өйткені ол қоғамдық өмірді едәуір кеңейтті, бірақ ол халыққа правосы тек сөз жүзінде ғана берді.

Қоғамның феодалдық-крепостниктік ұйымдарын қыйрата отырып, буржуазия адамның бостандық алуға, заң алдында теңдікке ие болуға правосылығын әйгіледі. Буржуазияның теңдігімен жұртқа берген правосын Француздың сатирик жазушысы демократ Анатоль Франс өте жақсы етіп көрсетіп берді: «Әділ заң ешкімнің бет-ажарына қарамайды, көпір астына қонып жүрген қайыршыны да, миллионерді де бірдей қатты жазалайды. Көпір астына қонуға болмайды. Егер миллионер көпір астына қонуға келсе қайыршыны ұстағандай оны да ұстайды. Бірақ бұл біреуге қажетті болса, ал екінші біреуге завық үшін керек».

Капиталистік елдердің өмірінің бүгінгі күніне келейік. Капиталистік негізде құрылған буржуазиялық демократия еңбекшілерге бостандық та, жұмыс та, материалдық қаржы да бере алмайды.

Дүние жүзіндегі ең бай ел — АҚШта қазір 3 миллион жұмыссыздар бар, бұлардың бір миллионы соғыстың ветерандары. Жұмыссыздардың саны барлық капиталистік елдерде будап былай да өсе түседі, өйткені өнеркәсіп пен өндіріс қысқартыла береді. АҚШта мысалы, республика-



шылар еңбекшілердің жағдайын төмендету жөнінде бірсыпыра шаралар белгілеуде.

Патшалық Россияда капиталистер мен помещиктер халықтың алтыдан бес бөлігін құлдыққа түсірді, ал бүкіл елді бір жерде тұрып қалған және шіріген затқа айналдырды деп көрсетті В. И. Ленин.

Россияның ғасыр бойы артта қалғандығын тез уақыттың ішінде жою керек болды. Бұл міндет орындалды. Октябрь Социалистік революциясы бірден-ақ еліміздің жартылай отарлық жағдайын жойып, ұлы совет Россиясының барлық жағынан өркендеуіне және тәуелсіздігінің өсе түсуіне жағдай туғызды. Отанымызды кейінге тартқан бұғау жойылды. Октябрь революциясы жаңа, қанаудан азат етілген қоғам құруға негіз салды.

Большевиктік партияның басшылығымен совет халқы 1917 жылғы октябрьден неміс-фашист басқыншылары мен жапон империалистерін жеңгенге дейін дақты жолдан өтті.

Октябрь революциясы жеңгеннен кейін еліміз ішкі және сыртқы жауларымыздың қарулы шабуылын тойтарып тастады. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін совет өкметі мен совет халқының алдына елімізді бейбіт құрылыс жолына салып, соғыс қыйратқан шаруашылығымызды қалпына келтіру—социалистік қоғам құру үшін қажетті жағдай туғызу міндеті қойылды. 1928 жылы мұндай жағдай туғызылған да еді. 1928 жылы халық шаруашылығын қалпына келтіргеннен кейін елімізде социалистік қоғам құру мәселесі қойылды. 1936 жылы совет халқының өткен жолын қорыта келіп Сталин жолдас былай деді: «Біздің совет қоғамының қолы мынаған жетіп отыр—ол қазірдің өзінде-ақ социализмді негізінде іске асырды, социалистік стройды жасады, яғни марксистердің басқаша атайтынын, коммунизмнің бірінші немесе төменгі фазасын іске асырды». (И. Сталин, ленинизм мәселелері, 440 бет).

Адам баласы көптеген жылдар бойы әділетсіздік пен жоқшылық, езілушілік пен адамды адамның қапауы болмайтын қоғамды ойлаумен болды. Бұл сыяқты қоғам құрылысы—социализм елімізде қазір толық жеңіп шықты.

Бұл совет адамдарының совет демократиясының ұлы жеңісі болып табылды. Құлдық қоғамның жүйесінен өзінің феодалдық жүйесінің артықшылығын көрсету үшін феодализмге екі жүз жылға жуық уақыт керек болса, буржуазиялық жүйеге—жүз жылға жуық уақыт керек болды деп көрсетті Сталин жолдас. Қанаушы стройдың жағдайында шаруашылықтың түрлі жүйесінің өркендеуі осындай қарқында болды. Большевиктік саясаттың негізінде елімізді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісінде Отанымыз өте зор алға басты. Советтік социалистік жүйенің буржуазиялық жүйеге өзінің артықшылығын көрсету үшін 13-ақ жыл керек болды.

Советтік қоғамдық және мемлекеттік стройдың барлық басқа саяси жүйеден артықшылығы, совет демократиясының—жаңа түрдегі демократияның барлық басқа демократиядан артықшылығы барлық қоғамдық және саяси жүйелер үшін қатаң сын болған дүние жүзілік екінші соғыстың уақытында айқын көрінді. Советтік қоғам құрылысы бұл сыннан түрі советтік емес қандай қоғамдық құрылыстан болса да теңдесі жоқ дәрежеде ойдағыдай өтіп шықты.

1946 жылы 9 февральда сөйлеген сөзінде Сталин жолдас былай деді: «Соғыс советтік қоғам құрылысы халықтың қалың ортасынан қайнап шыққан, оның қуатты көмегіне сүйенетін нағыз халықтық құрылыс екенін, советтік қоғам құрылысы қоғамды ұйымдастырудың тұрмысқа толық бейім және тұрақты түрі екенін көрсетті. Тек ол ғана емес... Қазір әңгіме советтік қоғам құрылысының советтік емес қоғам құрылысына қарағанда, неғұрлым тұрмысқа бейім және тұрақты болып



шықпаны, советтік қоғам құрылысы советтік емес қоғам құрылысының қандайынан болса да қоғамды ұйымдастырудың жақсы түрі екендігі туралы болып отыр».

Демек, совет демократизмі буржуазиялық демократияға қарағанда басқа саяси жағдайда және басқа саяси роль үшін пайда болды. Егер буржуазиялық демократия капитализмді орнату үшін абсолютизмге қарсы күресте пайда болса, ал советтік социалистік демократия мүлде жаңа, өте жоғары қоғамдық строй—социализм құру үшін күресте пайда болды, сондықтан да оның прогрессивтік жана белгілері бар. Совет демократизмінің бұдан былайғы өркендеуі елімізде коммунизм құру ісіне бағытталып отыр.

\* \* \*

Соғыстан соң совет халқы фашистік Германияның опасыздықпен жасаған шабуылы кедергі келтірген бейбітшілікпен еңбек ету ісіне кірісті. Сталиндік жаңа бесжылдық жоспар совет халқының алдына өте ірі және қыйын міндеттер қойып отыр. Мұны орындап шығу социалистік қоғам құруды аяқтау жолымен социализмнен бірте-бірте коммунизмге жетуде өте ірі қадам басу болып табылады.

ССРО халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендетудің 1946 — 1950 жылдарға арналған жаңа бесжылдық жоспарды орындағаннан кейін, осы жоспардың ізінше ұзақ уақытқа — 15 жылдай уақытқа белгіленген жоспарларды орындау — елімізде коммунизм құру ісі сыртқы қауіптің өзіне шек қояды, өйткені ССРО соншалықты күшті, соншалықты қуатты мемлекет болады, оған ешқандай кенеттен болатын оқиға, шапқыншылар мен дүние жүзілік жаңа соғыстың өртің тұтандырушылардың ешқандай қаупі қорқынышты емес. Міне сондықтан да Советтер Одағы бейбітшілік жағдайда капиталистік елдермен, ең алдымен Американың Құрама Штаттарымен ерекше бәсекешің, жарыстың прогрессивтік жолына түсе алады.

АҚШтың бұрынғы президенті марқұм Рузвельттің баласы Эллиот Рузвельттің Құрама Штаттар сыяқты елмен Советтер Одағы қоян-қолтық бейбіт тұруы мүмкін деп санайма Сталин жолдас деген сұрауына, Сталин жолдас: «Я, әрине. Бұл тек мүмкін ғана емес. Бұл орынды және жүзеге асыруға әбден болады. Соғыстың ең қыйын-қыстау кезеңдерінде біздің екі елдің бірігуіне және жауларымызды жеңуге басқару формасындағы өзгешеліктер кедергі болған жоқ. Бұл қатынастарды бейбітшілік уақытта сақтау үшін мүмкіндік одан да зор» — деп жауап берді.

Американың кейбір саяси қайраткерлері Советтер Одағының алдына осы сұрауды сан рет қоятын себебі не?


Советтер Одағы дүние жүзілік екінші соғыстан кейін өзінің советтік демократизмімен дүние жүзіндегі ең ірі, алдыңғы қатарлы мемлекет болып алды. Советтер Одағының моральдық-саяси беделі артты. Империалистік топтар жаңа соғыстың өртің тұтандыруға тырысатындар мұны көре алмайды. Олар ССРОның беделі мен абройын түсіру тактикасын жүргізуге тырысады, Американың Құрама Штаттарында бұл мәселені капиталистік ірі баспасөз орындары қолға алып отыр. Американың, Англияның, Францияның және басқа елдердің баспа сөздерінің советке қарсы пропагандасында жаңалық деген нәрсе аз.

Жер шарының алтыдан бір бөлігінде ең алдыңғы қатарлы демократияның жеңуі дүние жүзінің бейнесін өзгертті. Ол тозығы жеткен, реакциялық, демократияға қарсы күштердің бәріне қыйрата соққы берді. Ол дүние жүзін демократиялық қайта құру ісіне нағыз негіз болды. Совет демократиясы орталыққа айналды, мұның төңірегіне барлық прогрессивтік демократиялық күштер топталып отыр. Міне сол себеп-



## М А З М У Н Ы

	Беті
ССР Одағы Қарулы Күштері Министрінің бұйрығы . . . . .	1
Б а с м а қ а л а. Ұлы Октябрь Социалистік революциясының отыз жылдығын лайықты табыспен қарсы алайық . . . . .	3
Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретарі Ж. Шаяхметов жолдастың Алматы қаласының ғылым, әдебиет және көркем-өнер қызметкерлерінің жыйылысында жасаған баяндамасы . . . . .	9
Л. Олейни. И. В. Сталин Шығармаларының екінші томы . . . . .	21
Полковник Д. Вощенко — Совет армиясына 29 жыл . . . . .	38
С. Плеханов. Совет демократия — демократияның ең жоғарғы түрі . . . . .	45



«БОЛЬШЕВИК КАЗАХСТАНА» № 2 (на казахском языке).

УГ00941  
Изд. № 224  
Тираж 7000 экз.

**ШЫҒАРУШЫЛАР АЛҚАСЫ:**  
М. Әбдікалықов (редактор), М. Жуланов,  
Н. Заленский, Б. Степанов, Ф. Сафонов,  
Н. Сауранбаев, Н. Тимофеев.

Подписано к печати 12-IV-1947 г. Цена 50 коп. 3,5 п. л. Уч.-авт. л. 5. Зак, 273

г. Алма-Ата, типография ЦК КП(б) Казахстана.